«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демектік... «ол немене?», «бұл немене?»...,-деп, ... бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. ...Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық...», -деп, «қайран жұртының» дүние-мал жинаудан аса алмай қалатындығына күйінеді, өз ғұмырын өнер-білімге арнамайтындығын, ойшылдыққа талпынбайтындығын сынайды.

Он тоғызыншы қарасөзінде:

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», - дей отырып, адамның есті, білікті, білімді болуы үшін, оның өмір бойы ізденісте болуын, үйрену үшін уақыт шексіздігін ескертеді.

Сонымен қатар, Төртінші қарасөзінде: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», - деп, адам баласына қас-қағым ғұмырын бос өткізбей, еңбекпен, пайдалы іспен айналысып, бір-бірімен «жемді күнді» ауызбіршілікте «тату» өткізуге кеңес береді.

Ақынның қарасөздері хақында сөз еткенде, қазақ әдебиетіне әкелген стильдік жаңалығын айта кетуді жөн көрдік. Қарасөздері - қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған ерекше жанр. Қарасөздері арқылы халықтың салт-дәстүрі, тарихы, философиясы мен

педагогикасынан мол мәлімет бере отырып, өз ой-толғамдарын да ортаға салады. Сондай-ақ тағы бір ерекшелігі автор қарасөздерді оқып отырған адам алдында отырғандай етіп баяндайды, оқырманды әңгімелесушіге айналдырады. Әдеби бұл шеберлік оқырманды өзіне баурап, мәтінді асқан қызығушылықпен қабылдауына мүмкіндік береді.

Ақынның уақыттың маңызын, өтпелілігін терең талдай жазған философиялық лирика жанрына жататын өлеңі - «Сағаттың шықылдағы емес ермек».

Адамның өмірі жайлы жазылған бұл өлеңінде Абай сағатты, оның шықылдағанын өмірдің тоқтаусыз, толассыз өтіп жатқанын білдіретін уақыт өлшеуші қақында қолданады.

«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
 Һәмишә өмір өтпек ол білдірмек.
 Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
 Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
 Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
 Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
 Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
 Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.
 ... Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл,
 Жыл жиылып, қартайып қылғаны бұл.
 Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
 Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл», - деп, өлеңдегі минут, сағат, күн,

ай, жыл қандай өлшемдермен өлшенсе де, уақыт үнемі ілгері жылжи беретіндігін, оның үздіксіз зымырап өтіп жатуы заманның бірқалыпта тұрмайтынын, өзгеріп отыратынын, өткен өмірдің қайтып келмейтінін танытады.

Өлеңдегі «Һәмишә» сөзі - парсы тілінде: ылғи, үнемі, әрқашан деген түсінік береді. /Абай Энциклопедиясы, 641-бет/.

Мәңгілік тұрғысынан алғанда, бір адамның өмірі – бір минут, қас қағым уақыт қана екендігін, сол қысқа өмірді түкке тұрғысыз ұсақ қулық, «алты бақан алауыздыққа», өнбес дауға шығындамай, ақылмен ойлап, баянды, көңіл толарлық іспен айналысуға арнауға үгіттейді. Мына өтпелі жалған дүниеде абыройлы іс қылуға «жалғаны жоқ тәңірден» - Алладан – медет сұрайды. Осынау ізсіз, баянсыз уақыт кеңістігін қайырлы ететін артыңа, ұрпағыңа қалдырар адал еңбек пен үлгі-өнеге екендігін насихаттайды.

Қорыта келе айтарымыз, «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ақын өзі жырлағанындай, оның мұралары уақыт кеңістігінде маңызын жоймай, ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін бүкіл адамзаттық қазына.. Ақын шығармаларының аса бір құнды ерекшелігі – өзі өмір сүрген кезеңмен, сол кездегі тарихи оқиғалармен шектелмейді, олар бүкіл адамзат өмірімен, кешемен, бүгінмен, ертеңмен астасып жатуында. Қай кезең ұрпағына да мол рухани бағдар, үлгі, өнеге.

Ақырын жүріп, анық бас,
 Еңбегің кетпес далаға.
 Ұстаздық қылған жалықпас,
 Үйретуден балаға, -

деген ақынның ғибрат сөздері күні бүгін де бізбен сырласып, бағыт беріп, жөн сілтеп отырғандай.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай (толық шығармалар жинағы) 1,2-том, Алматы, 1999
2. М.Әуезов Қазақтың бас ақыны (ғылыми мақала), Алматы, 1999
3. Абай Энциклопедиясы, Алматы, «Атамұра», 1995
4. Қ.Бітібаева Абай шығармаларын оқыту, Алматы, 2004
5. Б.Шканова Әдебиеттану және әдістеме мәселелері, Орал, 2011

УДК 130.2

ФИЛОСОФИЯ ВРЕМЕНИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ Шканова Б.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье проанализированы философские размышления о проблеме «всестороннего человека» и правильном использовании времени в ходе его достижения, также умение считаться с особенностями времени в произведениях казахского акына-мыслителя Абая Кунанбаева, которому в этом году исполняется 175 лет со дня рождения, и чествование юбилея великого поэта планируется отмечать в мировом масштабе.

Ключевые слова: понятие «всесторонний человек», слова-назидания, философская лирика, поучительные речи, духовные ценности.

Экономические науки

ӘОК 332.145

АУМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ БАҒЫТТАР

Жумаев Ж.Ж., Курмантаева Б.К.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: мақалада аумақтың экономиканың қазіргі даму жағдайы, аумақтық жиынтық өнімнің соңғы жылдардағы даму динамикасы, құрылымы және өңдеу өнеркәсібінің көрсеткіштері, сонымен бірге аумақтық экономиканың стратегиялық бағыттары мен ағымдағы бәсекелестікті арттыру шаралары келтірілген. Аталған мақалада облыс экономикасын шикі заттық өндіріс тәуелділігінен арылтып, оны индустриалды – инновациялық дамуға барынша бағыттауда облыстың бүгінгі инвестициялық іс - қимылдарын инновациялық серпінмен толықтыру жолында ұсыныстар келтірілді. Бүгінгі аумақтық экономикалық дамуға кәсіпкерлік қызметтегі жетіспей жатқан нәтижеліктер келтірілген.

Кілт сөздер: аумақтық экономика, жиынтық өнім, өңдеу өнеркәсібі, индустриалды – инновациялық даму.

«Соңғы онжылдықтар әлем дамуындағы түбегейлі өзгерістермен ерекшеленеді. Жаһандану жағдайында әлемдік технологиялық теңсіздікті жеңудің жаңа жолдары ашылуда, көптеген елдер жаңа технологияларға және оларды қолдануға кең жол ашуда» [1].

Бұл «базалық салаларда жаңа технологияларды жаппай енгізумен және болашақтың 4.0 технологиялық қалыптағы жаңа индустрияларын құрумен ілесе жүргізілуде. Әлемдегі инновациялар бұрын болмаған ауқымға қанат жайды. Бұл ретте минералдық шикізат ресурстары шешуші бәсекелестік артықшылық болудан және елдің табыстылығына кепілдік беруден қалды. Елдің табыстылығы ең озық практикалар мен технологияларды игеру қабілетімен айқындалады. Әлемнің озық экономикаларындағы теңдессіз инновациялар толқыны түбегейлі өзгерістерге жедел ден қоюды талап етеді. Қазақстанның Ұлттық экономикасы әлемдік экономикаға тығыз интеграцияланған. Сондықтан экономиканы ықтимал сыртқы күйзелістерден қорғау және елдің жедел дамуы үшін жаңа факторларды қосу үшін озық өзгерістер қажет. Егер мұны жасамасақ, онда таяу жылдар перспективасында Қазақстан мынадай аса маңызды қатерлерге тап болуы мүмкін: экономикалық өсу қарқынының төмендеуі; технологиялардың, құрамдастардың және мамандардың импортына тәуелділігінің күшеюінен бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуы; технологиялық артта қалудың ұлғаюы; өмір сапасының төмендеуі» [2].

Осы ретте, экономиканың барлық салаларында кәсіпкерлікті озық практикалар мен технологиялар негізінде дамыту, оның табыстылығын, тиімділігін арттыру қазіргі экономикалық саясаттың бірден – бір басым бағыттарының бірі. Бұл басымдылықты іске асыру нәтижесі отандық кәсіпкерліктің бәсекелестік қабілетінің арттыруы, еңбекөнімділігінің және өнімдер сапасының жаңа деңгейге көтерілуі, өндірістің көптаратандырылуы, тұтынушылардың қазақстандық өнімдерге деген қызығушылығының, сұранысының арттыруы, отандық өндіріс пен қызметтер көрсетулер көлемдерінің өсуі арқылы көрініс беруі керек деп есептейміз. Аталған басымдықтарды іске асыруда және көзделген нәтижеліктерге қол жеткізуде маңызды орынды аймақтар экономикасының дамуы алады, яғни аумақтар экономикасының белсенділігі мен аумақтағы барлық кәсіпкерлік ресурстардың тұрғындар үшін тиімділігінің арттыруы, аумақтараралық, салалараралық кооперацияның өз – ара тиімділік негізде дамуы, аумақтық экономиканың бәсекелестік қабілеттілігінің арттыруы.

Аймақ экономикасының мақсаты, бұл өндіргіш күштердің, барлық экономикалық ресурстардың тиімділігін арттыру нәтижесінде аймақ халқының өмір сүруінің жоғары деңгейін және сапасын қамтамасыз ету. Осы ретте Батыс Қазақстан облысы еліміздің экономикалық әулеті үлкен аумақтарының бірі. Ол Ресей Федерациясының бес облысымен (Орынбор, Самара, Саратов, Волгоград, Астрахан) және өзіміздің Ақтөбе, Атырау облыстарымызбен шектеседі (солтүстігінде - Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, шығыста - Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысымен, оңтүстігінде - Қазақстан Республикасының Атырау облысымен және Ресей Федерациясының Астрахан облысымен, батысында - Ресей Федерациясының Волгоград және Саратов облыстарымен, солтүстік - батысында-Ресей Федерациясының Самара облысымен) [4]

Облыс аумағында газ және газ – конденсатының, мұнайдың , борат рудасының, жанғыш сланецтің, калий – магний тұзының, цементтік шикізаттың, керамзиттік саздың және құрылыстық құмның кен орындары барланған. Ал, ауылшаруашылығы облыс экономикасының дәстүрлі саласы болып саналады. Батыс Қазақстан облысының экономикалық дамуы индустриалды – аграрлық сипатты білдіреді. Өнеркәсібі мұнай және газ өндірісі, мұнай өнімдерін қайта өңдеу, машина жасау, металлургия, тамақөнеркәсібімен көрініс береді, сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, т.б. кәсіпорындар жұмыс жасайды. 2020 жылы Батыс Қазақстан облысының үлесіне ел экономикасының ЖІӨ 4,2 % және өнеркәсіптік өндірістің 7% тиіселі болды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 3,7%, соның ішінде тау – кен өндірісі 4,8% - ға артқан [3].

Кесте 1

Батыс Қазақстан облысының жиынтық аумақтық өнімі

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
БҚО ЖАӨ, млрд. тенге	1 709,97	2 032,7	2 285,1	2 790,7	2 963,8
Республикалық ЖІӨ үлесі, %	4,2	4,3	4,3	4,5	4,3
Бір адамға шаққандағы ЖАӨ, мың тенге	2 699,6	3 179,8	3 547,0	4 295,9	4 527,3

Облысының жиынтық аумақтық өнімі 2019 жылы 2963,8 млрд. тенгені құрады (1 – кесте), бұл 2015 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 73,32 %- ға жоғары, 1 - кестеден жиынтық аумақтық өнімнің 2015 – 2019 жылдар аралығында жоғарылау, өсу тенденциясында екендігін көруге болады.

Кесте 2

Батыс Қазақстан облысының ЖАӨ құрылымы, млн.тенге

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Аумақтық жиынтық өнім	1 709 952,7	2 032 669,9	2 285 053,1	2 790 661,6	2 963 795,6
Таурлар өндірісі, %	1015711,9 59,4	1172850,5 57,7	1286484,9 56,3	1638118,4 58,7	1624160,0 54,8
Ауыл, орман және балық шаруашылығы, %	59 744,0 3,5	74 418,1 3,7	77 533,3 3,4	81 595,0 2,9	98 708,2 3,3
Өнеркәсіп, %	882 516,6 51,6	1 016 587,0 50,0	1 118 457,1 48,9	1 439 735,4 51,6	1 382 048,3 46,6
тау- кен өндіру өнеркәсібі, %	789 303,1 46,2	910 440,3 44,8	990 029,6 43,3	1 272 486,6 45,6	1 213 679,7 41,0
Қызметтер өндірісі, %	577964,0 33,8	737859,2 36,3	840899,5 36,8	890221,0 31,9	1067496,8 36,0
көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу,	130 588,4	182 396,2	197 475,3	227 750,8	253 765,0

%	7,6	9,0	8,6	8,2	8,6
Көлік және қоймалау, %	104 652,0 6,1	137 514,2 6,8	131 284,7 5,7	139 659,6 5,0	225 343,5 7,6
Басқа қызметтер, %	342723,6 20,1	417948,8 20,5	512139,5 22,5	522510,6 18,7	588388,3 19,8

ЖАӨ құрамында өнеркәсіп өнімдерінің үлесі 2015 – 2019 жылдар аралығындағы 49,6 % - ды құрайды , ал 2019 жылғы үлесі 46,6 %, Бұл көрсеткіш бойыншада ЖАӨ құрамындағы үлестік салмақтың төмендеуін көруге болады, бірақ өнім өндіру көлемі 2015-2017 жылдардағы көлеммен салыстырғанда жоғары, ал 2018 жылдан 4,0 % - ға төмен. Ауыл, орман, балық шаруашылықтарының үлестік салмағы 2019 жылы – 3,3 %, орташа соңғы бес жылдағы көрсеткіші – 3,4 %.

Өнеркәсіп өнімдерінің 89,2 % тау - кен өндіру саласының үлесіне тиеді. Бұл салада мұнай – газ секторындағы төмендегідей ірі кәсіпорындар жұмыс жасайды: «Қарачағанак Петролеум Оперейтинг Б. В.», ТОО «Жаикмунай».

Облыстағы көмірсутегі шикізатының негізгі үлесі Қарашығанақ және Чинарев мұнайгазконденсаты кен орындарында орналасқан. Батыс – Қазақстан облысына республика бойынша өндірілетін газды конденсаттың 97,1 % және газдың 36,1 % тиіселі.

Кесте 3

Батыс Қазақстан облысының 2015-2019 жылдар аралығындағы орташа ЖАӨ құрылымы, млн. тенге

Көрсеткіштер	2015 – 2019 жылдар, барлығы	Орташа 1 жылдағы өнім	Пайыздық үлесі (%)
Аумақтық жиынтық өнім	11782132,9	2 356426,6	100
Таурлар өндірісі	6737325,7	1347465,1	57,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	391998,6	78399,7	3,4
Өнеркәсіп	5839344,4	1 167868,8	49,6
тау- кен өндіру өнеркәсібі	5175939,3	1035187,9	44,0
Қызметтер өндірісі	4 114 440,5	822888,1	35,0
көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	991975,7	198395,1	8,4
Көлік және қоймалау	738454,0	147690,8	6,3
Басқа қызметтер	2 383 710,8	476742,2	20,3

Облыс экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2019 жылы 7,7 % құрады (2018 ж. – 7,7 %, 2017 ж. – 7,1 %, 2016 ж. – 6,2 %). 2015 – 2019 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінің даму, өсу тенденциясы байқалады. Өңдеу өнеркәсібінің құрамында тамақ өнімдерін өндіру үлесі 32 % (және өндірістің даму тенденциясын көруге болады), мұнай өнімдерін өндіру – 22 %, машина жасау – 20,5 %.

Ауыл, орман, балық шаруашылықтарының үлестік салмағы 2019 жылы – 3,3 %, соңғы бес жылдағы орташа көрсеткіші – 3,4 %.

Кесте 4

Ауылшаруашылығының 2015 – 2019 жылдар аралығындағы жалпы өнімі, млн.тенге

Көрсеткіштер	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Ауылшаруашылығының жалпы өнімі	106 544,4	131 015,8	140 043,8	139 918,3	169 517,7
Оның ішінде: өсімдік шаруашылығы	40 159,2	57 093,8	57 678,8	48 182,4	62 651,4
мал шаруашылығы	65 771,7	72 868,4	82 020,6	91 365,8	106 306,3

ҚЫЗМЕТ көрсету	613,5	1 053,6	344,4	370,1	560,0
----------------	-------	---------	-------	-------	-------

Ауылшаруашылығының дамуы тұрақты экономикалық өсумен, инвестициялар тартымдылығының артуымен көрініс беруде. Батыс Қазақстан облысының үлесіне республикадағы барлық ірі қара малының 21% тиіс елі (2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал басы 591,5 мың, жылқы – 192,9 мың, құс-1 442,8 мың, қой мен ешкі 1 130,6 мың басты құрады). 2020 жылы ірі қара малының саны өткен жылмен салыстырғанда 10 %, жылқы - на 15,7%, ұсақ мал басы - 5,1%, ет өндірісі – 2,7%, сүт – на 0,2% өсті. Облыстың табиғи - климаттық жағдайы мал шаруашылығын дамыту үшін, әсіресе оңтүстік өңірлерде қолайлы болып табылады. Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өндірісінің көлемін арттыру мақсатында 2019 жылы және 2020 жылдың 1 тоқсанында құны 15 млрд. теңге құрайтын инвестициялық жобалар іске асырылды: Казталов ауданында 5000 басқа арналған бордақылау алаңы ("Ет индустриясы" ЖШС) пайдалануға берілді, жобаның құны 2,5 млрд.теңге; Бөрлі ауданында қуаты жылына 3355 тонна тауарлы-сүт фермасы ("Аманат" ШҚ), құны - 2,5 млрд. теңге; Тасқала ауданында 5000 басқа арналған бордақылау алаңының құрылысы аяқталды ("Taskala-ЕтВКО" ЖШС), құны - 1,3 млрд. теңге. Орал қаласында - ауысымына ІҚМ және ҰММ терісін өңдеу қуаттылығы 600 дана тері цех салу ("Кублей"ЖШС). Жобаның құны 700,0 млн. теңге, Орал қаласында-қуаты жылына 3 мың тонна көкөніс өндіретін құны 7,0 млрд.теңге болатын голландиялық технология бойынша жылыжай кешенінің құрылысы ("Орал жылыжай комбинаты"ЖШС). Теректі ауданында құны 1 млрд.теңге -3000 басқа арналған бордақылау алаңының құрылысы ("СырымKZ" Ш/Қ). Осымен бірге, 2020 жылы құны 9,4 млрд тг. болатын 3 жоба іске қосылды: 4 мың ірі қара малын , 500 бас жылқыны бордақылауға арналған 2 бордақылау алаңы мен 1 тауарлы- сүт фермасы, сонымен бірге бұрын жұмыс жасамай тұрған 8,6 мал басын бордақылау алаңы іске қосылды. «2 мың тоннадан астам ет Ресей, Армения, Тәжікстан, Қырғызстан елдеріне экспортқа шығарылды» [4]

Облыс экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2019 жылы 7,27 % құрады (2018 ж. – 7,25 %, 2017 ж. – 7,07 %, 2016 ж. – 6,23 %). 2015 – 2019 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінің даму, өсу тенденциясы байқалады. Өңдеу өнеркәсібінің құрамында тамақ өнімдерін өндіру үлесі 32 % (және өндірістің даму тенденциясын көруге болады), мұнай өнімдерін өндіру – 22 %, машина жасау – 20,5 %.

Облыс экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2019 жылы 7,7 % құрады (2018 ж. – 7,7 %, 2017 ж. – 7,1 %, 2016 ж. – 6,2 %). 2015 – 2019 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінің даму, өсу тенденциясы байқалады. Өңдеу өнеркәсібінің құрамында тамақ өнімдерін өндіру үлесі 32 % (және өндірістің даму тенденциясын көруге болады), мұнай өнімдерін өндіру – 22 %, машина жасау – 20,5 %.

Кесте 5

Өңдеу өнеркәсібінің көрсеткіштері, млн. теңге

Саланың атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Өңдеу өнеркәсібі көлеміндегі үлес салмағы, %
Өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде	126 646,9	161 650,0	202 305,0	215 383,9	100
мұнай өнімдерін өндіру	11 694,7	24 096,5	44 573,2	47384,4	22,0
машина жасау	35 594,0	38 011,0	39 773,8	44 094,7	20,5
металлургия	9 636,5	11 844,9	15 956,9	27 836,4	12,9
құрылыс материалдарын	9 552,5	12 478,8	13 736,6	14646,1	6,8

өндіру					
тамақ өнімдерін өндіру	42 872,8	49 316,2	57 705,7	68 908,0	32,0
жеңіл өнеркәсіп	1 032,8	1011,2	1338,4	1 507,7	0,7

Облыс экономикасының бәсекелестік қабілетін арттыруда үшінші бесжылдық мемлекеттік индустриалды – инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде 173,3 млрд.тенгеге 13 жоба іске асырылуда. 2020 жылы құны 4,9 млрд. тенге құрайтын 4 жоба іске қосылды және 2020 жылдың қорытындысы бойынша облыс экономикасына 468 млрд. тенгенің инвестициясы тартылды, оның 58 % сыртқы көздерден. Шетелдер инвестициясының қатынасуымен құны 1,9 трлн. тенге құрайтын 8 ірі жоба іске асырылуда [5].

Іске асырылып жатқан ауқымды жұмыстардың негізіндегі стратегия, бұл облыс экономикасын шикі заттық өндіріс тәуелділігінен арылтып, оны индустриалды – инновациялық дамуға барынша бағыттау.

Батыс Қазақстан облысы экономикасының әлеуметтік – экономикалық дамуын және ЖАӨ құрамын талдау негізінде аумақтық экономиканы дамыту, оның бәсекелестік қабілетін арттыру бағытында төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Облыстың қолайлы географиялық орналасуы; табиғи ресурстардың бай кен орындарының болуы (табиғи газ, мұнай, құрылыс материалдары); машина жасаудағы, металлургиядағы, құрылыс өндірісіндегі, тамақ өнеркәсібіндегі индустриялық әлеует; ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсу мүмкіндіктері, аграрлық секторды дамыту; транзиттік әлеует Облыстың оң жақтары болып табылады.

2. Ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу өндірісінің көлемін арттырудағы жағымды (өнім көлемінің өсуі, инвестициялар тартымдылығының артуы) құбылыстармен бірге, оның дамуына тежеуші болып отырған төмендегідей факторларды келтіруге болады: ауылшаруашылығында шикізаттық өнімдерді дайындау, тасымалдау және сақтау бойынша логистиканың, агроөнеркәсіптік кооперацияның нашарлығы, бұл қайта өңдеуші кәсіпорындарының қуаттарының толық жүктелмеуіне, тиімсіз делдалдардың (өндірушілерден арзан бағамен сатып алып, тұтынушаларға жоғары бағамен сататын саудагерліктің) дамуы, нәтижесінде өнімнің негізсіз қымбаттауына себепші болуда.

3. Импорттық өнімдердер көлемінің басым болуына байланысты отандық қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу қиындығы.

4. Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары тап болып отырған негізгі проблемаларға өндірістік жабдықтардың жоғары тозу деңгейі (60-70%), тапсырыстардың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың мемлекеттік тапсырыстарға, сондай-ақ мұнай-газ компанияларына тапсырыстардың тәуелділігі, олар өз кезегінде мұнайға әлемдік бағалардың конъюнктурасына байланысты) және айналым қаражаты, қолда бар өндірістік қуаттарды толық пайдаланбау, өңдеуші сектордың жекелеген салаларының бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіз деңгейі, өнімнің маусымдылығы (мысалы, құрылыс индустриясы).

Басымдылықтарға назар аудару керек деп санаймыз:

1. Көмірсутегі шикізаттық секторы облыс экономикасының басым үлесін алатындығын, соның ішінде өнеркәсіптік өндірістің 92 % - ын құрайтындығын ескере отырып, бұл сектор дамуын облыс экономикасының басқа салалары дамуымен ұштастыру, әсіресе мұнай өңдеумен, машина жасаумен, кадрлар даярлаумен.

2. Облыстың орналасқан менкенжәйін тиімді пайдалану, соның ішінде:

- сауда саласын, қызмет көрсету салаларын дамыту - Ресей Федерациясымен арадағы шекара арқылы Ресей мен Орталық Азия арасындағы жүк және жолаушылар тасымалы, қатынасы іске асырылады. Осы ретте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жол бойы қызметін көрсетуді дамыту. Бүгінгі күндері Батыс Қазақстан облысы шеңберінде 93 жол бойы қызметін көрсету объектілері бар, бір – ақ олардың 58 жұмысы Ұлттық стандартқа сәйкес келмейді [6].

- Мемлекетаралық тауар тасымалдарындағы Батыс Қазақстан облысының тораптық рөлін ескере отырып, көтерме-тарату орталығын құру. Ілеспе бизнес-сервисі бар өңірлік көлік-логистикалық орталық ашу.

- Ресей Федерациясының шекаралас облыстары арасындағы экономикалық интеграцияны терең зерттеу нәтижесінде ұтымды бағыттарда бәсекелестікті дамыту. Бұл ретте Ресей Федерациясының Батыс Қазақстан облысымен шекаралас жатқан облыстарына қысқаша сипаттама беретін болсақ: Орынбор облысы - экономикалық әлеуеті өте үлкен. Бұл облыста өнеркәсіптің газ, мұнай, энергетика, металлургия, машина жасау кешендері дамыған. Жер қойнауы көмірсутекті шикізатқа, қара және түсті металл кендеріне, алтынға, металл емес пайдалы қазбаларға (асбест, көмір, тас тұзы, құрылыс индустриясы үшін шикізат) бай. Жыл сайын облыс аумағында Бүкілресейлік мұнай мен газдың және газ конденсатының 3 % - дан, мыстың 16 % - дан астамы және мырыштың 24 % концентраты өндіріледі. Осымен бірге, Орынбор облысы ірі ауылшаруашылықты аймақ. Бұнда Ресейдің барлық ауылшаруашылық жерлерінің 4,9 % орналасқан. Жыл сайын 3 млн тоннадан астам дәнді дақылдар, оның ішінде 1,5 млн тоннадан астам бидай өндіріледі. Ресей Федерациясының статистикалық анықтамасы бойынша 01.01 2021 жылға халқының саны 1 942915 адам, халықтың тығыздығы 15,71 адам 1 шаршы км. жерге [7].

Самара облысы, бұнда бүкіл Ресейлік жеңіл автомобил көліктері өндірісінің 30 % - ға жуығы шығарылады, мұнай өндірісінің 2,9 % өндіріледі және мұнайдың 8 % алғашқы өңдеуден өтеді, дизел отынының 9 %, автокөлік бензинінің 7 %- дан астамы , 20 % - ға жуық синтетикалық каучук, алғашқы нысанындағы 10 % - ға жуық пластмасс, 6,5 % полимерлік пленкалар, 5,7 % сыра , 5,0 % алкогольсыз ішімдіктер, 2,0 % - ға жуық электр қуаты өндіріледі. Облыс шеңберінде 700 жуық ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс жасайды. Самара облысы үлкен агроөнеркәсіпті облыс. Ауылшаруашылық жерінің көлемі 3,5 млн.га. Жалпы Ресейлік өндірісте Самара облысының үлесі 1,76 %. Самара облысы инвестициялық салыным бойынша белсенді аумаққа жатады , 2019 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 293,7 млрд. рублді құрады, немесе 2018 жылмен салыстырғанда 105,7 % жоғары болды. 293,7 млрд. рубл. Инвестицияның 81,7 % немесе 239,9 млрд. рубл. ірі және орта бизнес өкілдерімен игерілген, соның ішінде 26,3 % қайта өңдеу салаларында. Инвестициялық дамудың негізгі көзі кәсіпорындар қаражаттары немесе өзін – өзі қаражаттандыру. 2019 жылы инвестициялық қаражаттардың 68,4 % кәсіпорындардың меншікті капиталы болған. Облыс шеңберінде өнеркәсіптік – өндірістік үлгідегі «Тольятти» айрықша экономикалық аймақ , төрт индустриалдық парк : «Преображенка», «Чапаевск», « Тольяттисинтез », « Ставропольский » және «Жигулевская долина» жоғары технологиялар бағытындағы технопарк жұмыс жасайды. Ресей Федерациясының статистикалық анықтамасы бойынша 01.01 2021 жылға халқының саны 3154164 адам, халықтың тығыздығы 58,88 адам 1 шаршы км. жерге.

Ресей Федерациясының экономикалық дамыған аймақтарының бірі, бұл - Волгоград облысы. Экономикасы мұнай, газ қорларымен ұштастырылған түрлі бағыттардағы өнеркәсіппен және әртараптандырылған ауыл шаруашылығымен көрініс береді. Облыс аумағы арқылы В. И. Ленин атындағы Волга -Дон каналымен жалғасқан екі ірі кеме жүзетін өзендер ағып жатыр. Облыс аумағында Волжская су электр станциясы орналасқан. Өнеркәсіптің негізгі салалары: машина жасау және металл өңдеу (тракторлар, кемелер, мұнара крандары, мойынтіректер, мұнай өнеркәсібіне, электр техникалық және тамақ өнеркәсібіне арналған жабдықтар шығару; бұрғылау, көлік-қойма, медициналық, сауда жабдықтарын өндіру); отын (мұнай, газ өндіру), мұнай өңдеу, химия, мұнай-химия (оның ішінде каустикалық сода, Химиялық талшық өндіру), қара және түсті металлургия. Облыста құрылыс материалдары өндірісі, сондай-ақ тоқыма, ағаш өңдеу, тамақ өнеркәсібі жақсы дамыған. Волгоград облысы Ресейде өнеркәсіптік өнімдердің 11 түрін, соның ішінде мойынтіректердің, күкірт ангидридін, полиуретанды жіптердің және газ құбырларының кейбір түрлерін өндіруде монополист болып табылады. Ресей Федерациясының статистикалық анықтамасы бойынша 01.01 2021 жылға халқының саны 2474556 адам, халықтың тығыздығы 21,92 адам 1 шаршы км. жерге.

Астрахань облысы. Отын өнеркәсібі облыстың негізгі саласы болып табылады, мұнда Ресейдің еуропалық бөлігіндегі ең үлкен Астрахань газ конденсаты кен орны бар және оның негізінде жұмыс жасайтын Астрахань газ кешені, оның ішінде газ кәсіпшілігі мен газ өңдеу зауыты бар. Астрахань облысындағы көмірсутек шикізатының кен орындарында Бүкілресейлік конденсат қорының 20% - дан астамы, 5% табиғи газ және шамамен 90% газ күкірті бар. Отын – энергетикалық кешені техникалық газ күкіртін, автомобиль бензинін, дизель және қазандық отынын, пропан-бутан фракциясын шығаруға мамандандырылған. Облыста машина жасау (кеме жасау, ұсталық престоу жабдықтарын, компрессорлар және т.б. өндіру), балық өнімдерін өңдеу, целлюлоза және қағаз өндірісі, өнеркәсіптері жақсы дамыған. Облыс шеңберінде «ЛОТОС» айрықша экономикалық аймағы жұмыс жасайды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері 3,4 млн гектардан астам. Көкөніс дақылдары егілген алаңдар Ресей Федерациясының барлық субъектілерінің ішіндегі ең үлкені болып табылады. Облыста жыл сайын 350 мың тонна көкініс өнімдері өндіріледі және Волга өзені бойында өсірілетін күріш өндірісі, сонымен бірге мал шаруашылығы, оның ішінде сүт бағытындағы ірі қара, қой шаруашылықтары жақсы дамыған. Ресей Федерациясының статистикалық анықтамасы бойынша 01.01 2021 жылға халқының саны 997778 адам, халықтың тығыздығы 20,35 адам 1 шаршы км. Жерге [8].

Мемлекетаралық тауар тасымалдарындағы Батыс Қазақстан облысының тораптық рөлін ескере отырып, көтерме-тарату орталығын құру. Ілеспе бизнес-сервисі бар өңірлік көлік-логистикалық орталық ашу.

Осы тұрғыда, облыстағы ғылыми әлеуетте, аумақтық экономиканың бәсекелестік қабілетінің артуына, салалар мен өнімдердің көптаратпандырылуына, нәтижесінде жоғары табыстылықты қамтамасыз ету үрдісіне толықтай тартылуы қажет деп санаймыз. Аумақтың экономикалық ресурстары түгелдей және толықтай аумақ, ел экономикасының дамуына тартылуы керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Туркеева К.А., Умарова Г.Х Жоғары технологиялардың әлемдік нарығы: ерекшеліктері мен даму болашағы // Экономика: стратегия и практика — 2020 — № 2 (15) — С. 127-137.
2. Стратегиялық жоспар 2025. Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. «Уақыттан озу». Жаңа экономикалық өсу моделі. <https://primeminister.kz/kz/documents/gosprograms/stratplan-2025>
3. Привлечение инвестиций, производство промышленной продукции и создание рабочих мест. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/privlechenie-investiciy-proizvodstvo-promyshlennoy-produkcii-i-sozdanie-rabochih-mest-razvitie-zapadno-kazahstanskoy-oblasti-v-2020-godu-134526>
4. Кахар А. Ж., Примбетова С. Ч. Инвестиционный потенциал устойчивого развития Западно-Казахстанской области // Место социально-гуманитарных наук в развитии современной цивилизации : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 31 января 2020г., Белгород
5. Батыс Қазақстан облысының халқы https://yandex.kz/images/search?text=%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B7%D0%BA%D0%BE%202020%D0%B3&stype=image&lr=10305&source=wiz&pos=3&img_url=http
6. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2019 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі (БҚО әкімдігінің есебіне қорытынды). - Орал, 2019 ж.
7. Об утверждении Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636.
8. 2019 жылы өңірлер бөлінісінде Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту туралы есеп. - Нұр-сұлтан: «Астана қаласының жас мүгедектері» ҚҰ. – 2020. – 176 б.

УДК 332.145

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИКИ ТЕРРИТОРИИ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ДАЛЬНЕЙШИЕ НАПРАВЛЕНИЯ

Жумаев Ж.Ж., Курмантаева Б.К.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье представлено современное состояние развития экономики регионов, динамика развития, структура и показатели обрабатывающей промышленности, а также стратегические направления региональной экономики и меры по повышению текущей конкуренции. На сегодняшний день выявлены недостатки в предпринимательской деятельности в региональном экономическом развитии.

Ключевые слова: региональная экономика, совокупный продукт, обрабатывающая промышленность, индустриально-инновационное развитие.

УДК 37.025.7

РОЛЬ ВУЗОВ В РАЗВИТИИ МОЛОДЕЖНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Салимбаева Ш.Д., Валиева Е.Н.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск
Самарский государственный экономический университет, г.Самара, РФ

Аннотация: В статье обосновывается целесообразность развития предпринимательских компетенций студентов как комплекса предметных, личностных и социальных компетенций в логике знаково-контекстного и компетентностного подходов.

Ключевые слова: предпринимательские компетенции, модель развития предпринимательских компетенций студентов, конкурс по разработке бизнес-проект.

Молодежь как наиболее активная часть общества, склонная к инновациям и реализации новых оригинальных идей, обладает высоким предпринимательским потенциалом. Это проявляется, в частности, в распространенности среди молодежи намерений открыть свое дело и положительной оценке собственной способности быть предпринимателем.

При этом вопрос о возможности влияния образовательных программ на развитие предпринимательского потенциала молодежи является дискуссионным. Ответ на этот вопрос во многом зависит от того, какой смысл вкладывается в понятие «предпринимательство». Так, упрощенный подход к определению предпринимательства связывает эту деятельность, главным образом, с созданием новой компании и управлением ею с целью получения прибыли. Согласно другому подходу, берущему начало от работ Й. Шумпетера, сутью предпринимательства являются инновации, лидерство, креативность и склонность к изменениям. В такой трактовке больше внимания уделяется не появлению нового бизнеса как такового, а поведенческим характеристикам предпринимателя, его инициативности, самостоятельности, готовности рисковать. Причем данные поведенческие характеристики могут проявляться не только у собственника новой компании в сфере малого бизнеса, но и у

наемного работника в уже существующей крупной компании или в некоммерческой организации.[1]




Рис. 1. Численность молодежи по Западно-Казахстанской области, тыс. человек

Численность молодежи в Западно-Казахстанской области ежегодно снижается, в 2019 году по сравнению с 2015 годом уменьшилось на 6%, из них 10% обучаются в высших учебных заведениях.

На сегодняшний день существуют следующие проблемы:

1. Недостаточный уровень бизнес-образования. В учебных заведениях преподаются необходимые экономические знания, но не формируются стимулы и поведенческие компетенции, необходимые для успешной предпринимательской деятельности.

2. Недостаточный уровень участия субъектов бизнеса в процессе формирования предпринимательских навыков обучающихся.

Образование – один из ключевых элементов предпринимательской экосистемы. Университеты должны стать центрами такой экосистемы и генерировать предпринимателей. Предпринимательское образование должно обеспечить формирование нового поколения предпринимателей.

Правильное формирование ключевых предпринимательских компетенций обучающихся является одним из важных направлений в обеспечении трудоустройства выпускников высших учебных заведений. Обеспечение трудоустройства молодежи на рынке труда через предпринимательские навыки имеет следующие социально-экономические аспекты:

- обеспечение самозанятости населения с созданием рабочих мест;
- создание новых рабочих мест;
- поступление доходов в государственный бюджет;
- увеличение объемов отечественного производства продукции или услуг.[2]

Мировой опыт свидетельствует о том, что предпринимательские университеты наиболее полно отвечают инновационным потребностям экономики и бизнеса в области образования, являясь образовательными, научно-исследовательскими и производственными центрами. Активную роль в процессе их функционирования играют государство и бизнес, что позволяет реализовать новую концепцию инновационного развития – концепцию «тройной спирали» (Г. Ицковиц, Л. Лейдесдорф), в которой ведущая роль отводится предпринимательским университетам.

В середине прошлого века в некоторых развитых странах начался процесс трансформации классических вузов в предпринимательские. Первым кто предпринял попытку системного научного осмысления данного процесса и ввел в научный оборот термин «Entrepreneurial University» (предпринимательский или антрепренерский университет) был Б.Р.Кларк, который сформировал концепцию «предпринимательского университета», выделив пять его общих черт (усиленное направляющее ядро, расширенную периферию

развития, диверсифицированную базу финансирования, стимулируемый академический оплот и интегрированную предпринимательскую культуру), которые помогли преодолеть существовавший дисбаланс между требованиями, предъявляемыми обществом к университетам, и их способностью соответствовать этим требованиям.

Предпринимательскими университетами в США являются 235 университетов (исследовательские университеты I и II категории), которые представляют собой ядро американской системы высшего образования и центр развития фундаментальной науки. К ним относятся: Гарвардский университет, Йельский университет, Колумбийский университет, университет Беркли и др., многие из которых лидируют в мировых рейтингах. Предпринимательские университеты имеют достаточные финансовые ресурсы, обладают значительными финансовыми фондами, в формировании которых активно участвуют выпускники. В США регулярно проводятся рейтинги университетов, что позволяет привлекать студентов и лучших преподавателей, а также использовать новейшие методы обучения.

Успешными примерами взаимодействия высшего образования и науки в США являются: Кремневая долина, парк Исследовательский треугольник (штат Северная Каролина), технопарк "Бостонская дорога 128" и др.

Основой успеха функционирования Кремневой долины стали многолетние усилия по созданию фирм, государственной поддержке научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР) и выработке политики поддержки бизнеса. Парк Исследовательский треугольник (штат Северная Каролина), был создан в 1959 году на базе трех университетов. В настоящее время в парке функционируют около 130 исследовательских учреждений и 160 компаний с общей занятостью 40 тыс. человек. Создание данного парка позволило превратить Северную Каролину в один из самых развитых и образованных регионов США.

На современном этапе в нашей стране учреждения высшего профессионального образования функционируют в условиях повышенной нестабильности, неопределенности внешней среды, усиления конкуренции на рынке образовательных услуг и недостаточного бюджетного финансирования. Надо отметить, что сфера образования в нашей стране как особый объект экономических отношений оказалась менее всего подготовленной к реформированию.

Одним из направлений придания вузам статуса равноправного субъекта экономической деятельности является развитие предпринимательства, которое создает ясные перспективы для студентов, заинтересованных в предпринимательской деятельности.

Университетская среда должна оказывать большую поддержку, создавать необходимые институциональные условия (конкурсы бизнес-планов, организация бизнес-инкубаторов на платформе вузов, проведение встреч с бизнесменами, предоставление стартового финансирования, организация деловых игр и обучающих курсов). Университетское обучение предпринимательству должно быть направлено на развитие необходимых для основания нового предприятия, знаний и навыков, а также способствовать увеличению вероятности рассмотрения предпринимательской деятельности в инновационном или стандартном бизнесе в качестве возможной сферы построения карьеры.

Для формирования предпринимательских компетенций обучающихся необходимо составлять учебные планы, ориентированные на предпринимательское образование с учетом специфики специальности.

В целях объединения содержания и организации образования с развитием деловой предприимчивости студентов нами определены три основные направления формирования ключевых предпринимательских компетенций:

- разработка образовательных программ, ориентированных на предпринимательское образование, с учетом специфики специальности;
- проведение исследований и трансферт технологий и идей, способствующих распространению инноваций и развитию предпринимательства;

- создание Бизнес школ, с целью обучения студентов основам открытия и грамотного развития своего дела, разработки бизнес-планов по реализации новых идей, правильного ведения учета, а также освоения правовых основ коммерциализации технологий.

Что даст обучение студентов предпринимательским навыкам:

- Решать сложные задачи по преобразованию новых идей в успешный бизнес;
- Иметь аналитические способности и сформированное понимание динамики современных технологий;
- Уметь пользоваться методологией принятия решений при трансформации технологических возможностей в новые идеи и продукты.

- Создать и вести собственный бизнес.

С целью совершенствования предпринимательского образования необходимо:

- ✓ разработать мотивационную модель реализации стратегии развития предпринимательского образования;
- ✓ провести многофакторную оценку возможностей среды для развития женского предпринимательства;
- ✓ разработать методику ранжирования и выбора стратегических альтернатив развития молодежного предпринимательства на базе личностного потенциала предпринимателя;
- ✓ сформировать модифицированный подход к проведению SWOT-анализа факторов раскрытия личностного потенциала предпринимателей.[3]

Список литературы:

1. Альберт Е. А. Сущность, особенности и условия предпринимательской деятельности // Молодой ученый. — 2016. — №26. — С. 239-241. — URL <https://moluch.ru/archive/130/35929/> (дата обращения: 22.11.2019).
2. Жаксылыкова Ж. Т., Милова Е. В. Трансформация университета в инновационно-предпринимательский вуз [Текст] / Ж. Т. Жаксылыкова, Е. В. Милова // Высшая школа Казахстана. - 2019. - № 1(25). - С. 25-31
3. Примеры предпринимательской деятельности в современной жизни // <https://businessman.ru/primeryi-predprinimatelskoy-deyatelnosti-v-sovremennoy-jizni.html>

ОӘЖ 37.025.7

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Салимбаева Ш.Д., Валиева Е.Н.

Самара мемлекеттік экономикалық университеті, Ресей, Самара қ.

Аннотация: Аннотация: Мақалада оқушылардың кәсіпкерлік құзыреттілігін заттық-контекстік және құзыреттілік тәсілдемелерінің логикасындағы пәндік, жеке және әлеуметтік құзыреттер кешені ретінде дамытудың орындылығы негізделді.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік құзыреттер, студенттердің кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту моделі, бизнес-жобаны әзірлеу бойынша конкву.

УДК 33.011

К ВОПРОСУ О ПРОБЛЕМАХ РАЗВИТИЯ МАЛОГО БИЗНЕСА

Суханбердина Б. Б., Курманова Г.К., Салимбаева Ш.Д., *Грабоздин Ю.П.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

*Самарский государственный социально-педагогический университет, г. Самара, РФ

***Аннотация:** В современном Казахстане малый бизнес признается как приоритетное направление развития экономики страны и ее регионов. В Стратегии «Казахстан — 2050» малый бизнес обозначен как залог повышения уровня благосостояния населения и развития национальной экономики. Однако, несмотря на все позитивные тенденции в финансовой поддержке субъектов малого предпринимательства, в развитии данного сектора экономики наблюдаются негативные явления. Так, по данным комитета по статистике РК, показатели объемов производства малого бизнеса, удельный вес занятости в данном секторе значительно отстают от показателей экономически развитых стран.*

***Ключевые слова:** малый бизнес, финансовая поддержка, предпринимательство*

Развитие малого предпринимательства в Казахстане происходит только в ряде отраслей, в основном, в торговле. Таким образом, складывается нерациональная отраслевая структура малого предпринимательства. Данная структура не способна обеспечить повышение объемов производства, экономический рост, развитие и внедрение инноваций в экономику страны.

Малый бизнес в Казахстане практически не взаимодействует с крупным бизнесом. Если за рубежом субъекты малого предпринимательства выступают инициаторами нововведений, которые затем проникают в крупный бизнес и приобретают там серийный характер, то в РК этого не происходит. В развитых странах на долю малого предпринимательства приходится почти 50% всех нововведений и новейших технологий. Принято считать, что именно малый бизнес определил уровень современного научно-технического прогресса в США (48 из 61 крупного открытия в 20 веке были совершены субъектами малого предпринимательства).

Нарастающая в настоящее время нестабильность в отечественной экономике, обусловленная в основном внешними факторами, вызывает кризисные явления и в сфере малого бизнеса.

На фоне общей нестабильности снижаются инвестиции в малый и средний бизнес, затормаживаются некоторые региональные проекты в силу нехватки средств. То есть малый бизнес не способен противостоять таким масштабным негативным тенденциям, складывающимся на национальном и мировом рынках. Усиливает фактор нестабильности экономики, и снижение покупательской платежеспособности большей части населения страны и регионов.

Неправильная оценка собственных производственно-финансовых сил в такой ситуации приводит к формированию «неблагоприятного» кредитного портфеля, который исключает малый бизнес из сферы кредитно-денежных отношений, что усугубляет тяжелое положение предпринимателей.

В сфере малого бизнеса существуют и другие хронические проблемы. Это: низкий уровень технического и технологического обеспечения производства субъектов малого бизнеса, низкая степень информационного обеспечения бизнеса, не достаточно развитая инфраструктура поддержки малого бизнеса, ограниченный доступ к финансово-кредитным источникам при высокой стоимости заимствования, низкий уровень внедрения результатов НИОКР на уровне малого бизнеса.

Отдельная проблема, препятствующая развитию малого бизнеса это кредитование субъектов малого бизнеса коммерческими банками. Ранее, во второй главе проблемы кредитования субъектов малого предпринимательства были затронуты.

Без государственной поддержки и гарантий коммерческим банкам не выгодно кредитовать субъекты малого бизнеса, которые являются для них ненадежными заемщиками. Поэтому в процессах организации кредитования малого бизнеса ведущая роль принадлежит государству. Именно государство должно создать выгодные условия для кредиторов при кредитовании малого бизнеса.

В качестве заемщиков субъекты малого бизнеса не интересны вследствие: низкой инвестиционной привлекательности из-за нестабильного финансового состояния, отсутствия прогнозируемого платежеспособного спроса на производимую ими продукцию, отсутствия системы управления рисками и т.п.

Развивающийся в коммерческих банках риск – менеджмент неоднозначно рассматривает малый бизнес как объект кредитования.

Как правило, связанные с малым бизнесом повышенные риски включаются в стоимость процентов по кредитам, приводя их к удорожанию. Ситуация усложняется вследствие недостаточного уровня средств субъектов малого предпринимательства, что снижает экономическую эффективность малого бизнеса. Все это приводит к нехватке финансовых ресурсов на обновление основных средств предприятий малого бизнеса и невозможности получить кредит на эти цели.

Коммерческие банки предпочитают кредитовать пополнение оборотных, а не основных средств. Поэтому торгово-посредническая сфера деятельности является привлекательной не только для коммерческих банков, но и их потенциальных заемщиков - субъектов малого бизнеса. Как показывает казахстанская практика около 61% от общей суммы полученных субъектами малого бизнеса доходов приходится на доходы от сделок купли-продажи в сфере торговли [1].

Требуется совершенствование и механизм кредитования субъектов малого предпринимательства. Зачастую процесс выделения финансовых ресурсов на поддержку малого бизнеса, например из международных источников, охватывает цепочку, включающую: международная финансовая организация - уполномоченный государственный орган – коммерческий банк – субъект малого бизнеса. При этом на каждом этапе данной цепочки происходит удорожание кредита на 3-3,5% [2].

В итоге субъект малого бизнеса получает подорожавший кредит, и вынужден поднимать цену собственной продукции на соответствующую величину.

Multilingualism as a socio cultural phenomenon puts before the formation the complex tasks of preparing young people for life in a multinational and multicultural environment, the formation of skills to communicate and cooperate with people of different nationalities, races, faiths. Integration of the world community, development of the planetary worldview presupposes the incorporation of national traditions in the education of students; creation of conditions for the formation of cultural identity of children; the formation of a diverse and complex cultural environment for the development of the individual. Thus, the social essence of modern multilingual education consists in the formation not just of linguistic, but of broad socio-cultural competence and authenticity of the contextual interpretation of the meanings of inter subject communication of representatives of different cultures.

It solves the tasks of de-archarization of ethnic statuses, a critical awareness of the world with the development of communicative opportunities and a deeply reflective attitude to one's own culture and language which makes the process of socio-cultural transmission of ethnic values more stable, protected and manageable, contributes to the conscious preservation of the national culture by native speakers and socio cultural experience of a particular society.

The phenomenon of multilingualism in its social essence does not cause loss, but the expansion of cultural identity, an increase in the reflective and value attitude to the achievements of one's own culture, the increase of cultural wealth and the possibilities of the individual to enter into intercultural dialogue.

Currently, the study of English is accompanied by global information and innovations. If you know English well you have the opportunity to study in the best and most prestigious universities in the world. Even after graduation this is a great opportunity to stay abroad. The main thing to know English is business relations and a compulsory requirement for doing business anywhere in the world [3].

Knowledge of the English language makes it possible to study abroad according to President's Bolashak program. The purpose of the program is to train specialists and specialists in high colleges abroad for the priority sectors of our economy. The program includes both the receipt of a scientific degree of higher education institutions and scientific and derivative internships in leading companies and universities in the world. This governmental action of giving the opportunity for talented young people to study abroad is done for the first time in the history of the post-Soviet states.

English plays an important role in the world of economics. This is a very important factor in the development of the global economy. Scientific progress in this area serves the interests of society, helps to increase the well-being of people. English in computer technology is basic. Everybody knows that science would not go ahead without computer technology. After all, computers have the ability to solve a huge number of mathematical problems more efficiently and much faster than a person can do. Computer science is a new field in research and development. Most of the advanced trends without using English language simply can not exist. In recent years, scientists of the world have achieved tremendous success in physics, chemistry, biology, psychology and so on. English here also played an important role, because the development of science requires constant communication and cooperation between scientists around the world. Especially when it comes to solving global problems of society, which require the organization of international medical, environmental, economic and other conferences and round tables [5].

Throughout history mankind has striven to acquire knowledge. As Aristotle stated in his introduction to *Metaphysics* «Man by his nature needs to know». This quest for knowledge has naturally led mankind to contact and communication with foreign cultures and the need for a lingua franca. At different times and places this need was fulfilled by languages such as Arabic, Chinese, French, German, Greek, Latin and Persian. Today this necessity is mostly filled by English.

Multilingualism is a fact of real language existence for the overwhelming majority of the population of the whole world, due to the growing interaction of economic, scientific, cultural and political interests.

The relevance of multilingualism as a socio-cultural phenomenon is that operating in several languages is a necessary condition for the successful life of people and communities in the era of globalization, since globalization assumes as its element the interpenetration of the material and spiritual components of various social cultures. Therefore, the most important condition for mastering a foreign culture is the mastery of its forms, and, above all, languages.

The relevance of multilingualism is determined by universal world integration in the economy and in political spheres. Polylingualism is a purposeful process of becoming familiar with the world culture by means of foreign languages, where languages contribute to the acquisition of special knowledge.

Knowledge of English will give youth a key to world markets, science and new technologies, create conditions for the formation of a world outlook for constructive cooperation based on familiarization with ethnic and world cultures.

Literature:

1. Gal'skova N.D. Modern methods of teaching a foreign language.-M.: ARCTI, 2004.
2. State program of functioning and development of languages for 2011-2020 years.
3. On the question of the formation of a multicultural identify through polylingual education / Scientific World». -2012.-24 p.
4. The journal "Kazakhstan school"
5. Warshauer M.,-"The changing Global Economy and the Future of English Teaching", TESOL Quarterly no. 34, 2000, p.p. 511-535.
6. Aristotle. Metaphysics. London: Penguin Classics, 2004.

УДК: 331.361.2:11

**ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – ОСНОВНОЙ ПУТЬ К УСПЕШНОМУ
РАЗВИТИЮ НАУКИ И НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

Букесова Р.М., Аманбаева З.Ж.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск

***Аннотация:** Знание родного и государственного языков, изучение иностранных языков расширяют кругозор обучающихся, а также способствуют многогранному развитию личности. Использование языков в многонациональных странах показывает, что двуязычие и многоязычие являются необходимым и практически единственным способом решения проблемы в преодолении языкового барьера и обеспечения общения между гражданами одного государства, говорящих на разных языках. Глобализация мира в сфере культуры и науки в настоящее время является основой интенсивного сближения стран и народов, активизации их взаимодействия и взаимного влияния.*

***Ключевые слова:** возможность, научная коммуникация, знание, многонациональное общество, научная коммуникация, глобализация, многонациональность*

УДК 316: 413

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЯЗЫК И ЕГО ЗНАЧЕНИЕ В СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЕ
КАЗАХСКОГО ЭТНОСА**

Курманова Ж.Б. *Волошинов А.В.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

*Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А., г. Саратов, РФ

***Аннотация:** В данной статье рассматриваются аспекты развития казахского языка, как элемента казахской культуры целой плеяды блистательных имен казахской интеллигенции начала века.*

***Ключевые слова:** самоидентификация, идентичность, этнос, традиция, языковая культура.*

В современных условиях перспективы государственности прямо зависят от способности государства поддерживать и защищать национальную систему ценностей. Защита национальных ценностей является главной целью систем мер по обеспечению национальной безопасности страны. Утрата государством самоидентификации, отсутствие единой ценностной базы являются в свою очередь угрозой национальной безопасности. Как отмечает К.Колин в своей статье «Русский язык и национальная безопасность», одним из важных факторов обеспечения национальной безопасности государства является государственный язык [1].

Являясь важнейшей угрозой обществу, информационно-психологическое воздействие на сознание человека и народа в целом осуществляется преимущественно через языковую среду и посредством языка.

По мнению, Пухович Л., вопрос государственного языка, как часть национальной идентификации, представляет определенную угрозу безопасности и стабильности страны. В то же время, успешное решение языковой проблемы может дать мощный импульс дальнейшего развития демократии и создаст предпосылки для вхождения страны в число пятидесяти наиболее конкурентноспособных государств в мире [2].

И потому, активная защита языковой среды является важнейшим аспектом национальной безопасности страны.

Язык, как один из базисных аспектов национальной идентичности имеет своеобразную интегрирующую функцию. Так, Г.Мартинес, утверждает что, существуют фундаментальные различия между языком, с одной стороны, и религией и нацией - с другой. Люди различной расовой и национальной принадлежности и различного вероисповедания часто враждуют друг с другом, но при этом, пользуясь одним и тем же языком, они могут продолжать общаться и читать то, что пишут их противники Подавляющее большинство американцев считает английский язык ключевым элементом национальной идентичности, и это мнение, вкупе с «разборчивостью» законодателей в языковых вопросах, является весомым аргументом в пользу сторонников английского как государственного языка и противников двуязычного образования [3].

В последнее время в Республике Казахстан осуществляется определенная целенаправленная работа по развитию языков. Оптимальное решение языковых проблем является фактором гармонизации межнациональных отношений, упрочения консолидации народов и общественного согласия. Развитие языков - одно из актуальных направлений государственной политики в Республике Казахстан [4].

Как считает Б.Абдыгалиев, одной из основ новой национальной идентичности является знание всеми гражданами Казахстана казахского языка. Залогом стабильности и процветания является языковое единство казахстанцев, когда казахский и русские языки являются символами взаимопонимания и взаимоуважения.

Язык, являясь средством общения, коммуникации, может также выступить, как заявил Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, «мощным оружием, способным объединить казахстанский народ». По его мнению, казахский язык, который был на грани исчезновения, получил статус и снова возродился вместе с независимостью.

Первый закон, провозгласивший государственным языком казахский язык, был принят в 1989 году. Положение о государственном статусе казахского языка было включено в конституцию 1993 г., в которой статус русского языка не оговаривался. По мнению Александра Шустова, введение в конституцию таких условий как знание казахского языка при приеме на работу в органы власти, а также ряд других сфер деятельности, включая систему образования, привело к резкому сужению социальных перспектив некоренного населения, поставленного перед выбором: интеграция в местную культурно-языковую среду либо эмиграция. В середине 1990-х гг. языковая проблема являлась главной причиной отъезда из Казахстана около 1/6 мигрантов [6].

В конституции, принятом в 1993 году наравне с казахским языком в органах власти, предоставляя официальный статус, употребляется русский язык. Согласно закону «О языках»

от 11 июля 1997 г. впервые в стране появляется понятие как «двуязычие», так казахский язык является государственным, а русский язык языком общения. Также в данном документе говорится о том, что русский язык наравне с казахским мог применяться в делопроизводстве, учетно-статистической, финансовой и технической документации органов власти, вооруженных силах, правоохранительных органах и заключении всех видов сделок. Преимущественное использование казахского языка предусматривалось в актах государственных органов и судопроизводстве, но и они при необходимости могли вестись на русском языке. Государство гарантировало получение высшего, среднего специального и среднего образования на русском и казахском языке, а также равноправное использование обоих языков в научной деятельности. Для электронных СМИ устанавливалось правило, согласно которому «объем передач на государственном языке по времени не должен быть менее суммарного объема передач на других языках» [4].

На сегодняшний день в Конституции Республики Казахстан заявлено, что в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык.

Однако вместе с тем, государство ведет политику внедрения казахского языка во все сферы общественной жизни. Таким образом, начиная с 1990-х годов, начинается постепенное расширение сферы использования казахского языка в различных сферах жизни общества. К концу 1990-х гг. на казахском языке обучались 80% представителей титульного этноса, хотя еще в 1981 г. ситуация была противоположной. Нередко русскоязычные школы первыми попадали под сокращение. Так, в ходе образовательной реформы 1990-х гг. 3/4 из 380 сокращенных школ были закрыты в областях с высокой концентрацией славянского населения - Северо-Казахстанской, Костанайской, Карагандинской и Алматинской [3].

В настоящее время на казахский язык, как государственному языку, возлагают большие надежды. Так, первоочередное внимание уделяется расширению социально-коммуникативных и консолидирующих функций государственного языка. По мнению Пухович Л., дальнейшее применение казахского языка представителями всех этносов Казахстана не будет являться политикой ассимиляции, как опасаются некоторые русские, а лишь создаст предпосылки для формирования национальной идентификации в стране. Опыт ряда европейских и азиатских стран показывает, что свободное владение двумя и тремя языками становится не исключением, а правилом. Нам видится, что будущее казахстанцев не в казахизации всего населения, а в этнолингвистической гордости, основанной на позитивном самоуважении, где не будет места политике «Других» [2].

Может ли действительно стать казахский язык консолидирующим звеном? И влияет ли проект «Триединство языков» на гражданскую идентичность?

Ответ на этот вопрос мы будем искать в результатах социологического опроса, проведенного в 2015 году Центром по исследованию межэтнических отношений Республики Казахстан. Социологический опрос охватывал все регионы Казахстана. Общее количество респондентов составило 1200 человек.

По результатам опроса выясняется что, на казахском языке думают 41,6% казахстанцев, тогда как на русском языке думают 32,1% респондентов, ответ «бывает, что думаем и на казахском, и на русском» выбрали 15,5% опрошенных. В данном вопросе нельзя упускать из виду что по последним данным Агентства по статистике Республики Казахстан в стране основную долю населения более 64% составляют казахи, второе место по численности занимают русские (24%), далее 2,91% узбеки, 1,95% украинцы, 1,42% уйгуры, 1,24% татары, 1,10% немцы, 4,51% другие этносы [5].

Нельзя упускать из виду, что в Казахстане проводится политика создания толерантной языковой среды - как фактора консолидации народа Казахстана. Первоочередное внимание уделяется расширению социально-коммуникативных и консолидирующих функций государственного языка. На сегодняшний день 29 центральных и 16 местных исполнительных органов перевели делопроизводство на государственный язык. В рамках развития инфраструктуры обучения государственному языку создана единая сеть организации

обучения государственному языку взрослого населения страны, в том числе госслужащих. В настоящее время функционирует 93 Центра обучения государственному языку. Во всех центральных и местных государственных органах действуют курсы обучения государственному языку. Была принята Государственная программа развития и функционирования языков на 2011–2020 годы, целью, которой, является гармоничная языковая политика, обеспечивающая полномасштабное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления национального единства при сохранении языков всех этносов, живущих в Казахстане. В Казахстане, наряду с казахским и русским языками, продолжают функционировать и развиваться языки различных по численности этнических групп. Создаются условия и используются все возможности для удовлетворения этноязыковых запросов граждан. В связи с этим организована широкая сеть воскресных школ. Результаты об уровне владения казахского языка в Казахстане представлены в Рисунке 1.




Рисунок 1 - Довольны ли Вы своим знанием казахского языка?

Своим знанием казахского языка довольны 51,5% казахстанцев, ответ «однозначно «да»» выбрали 20,7%, не довольствие знанием казахского языка выражено в ответе «однозначно «нет»» (10%), скорее не довольны знанием государственного языка 17,8% респондентов.

С обретением долгожданной независимости до сих пор идет спор о том, какое содержание должен иметь казахский язык как государственный. положение языка коренных жителей Казахстана должно было резко улучшиться с тем, чтобы он не только де-юре, но и де-факто стал государственным языком республики. Для этого гражданам был задан вопрос «На Ваш взгляд, какое содержание (в первую очередь, прежде всего) нужно вкладывать в понятие "казахский язык"?» Согласно результатам опроса 45,1% казахстанцев считают, что в первую очередь казахский язык – это государственный язык, 24,1% респондентов утверждают, что казахский язык - это фактор национальной идентичности, самый важный элемент культурных ценностей казахского этноса, тогда как 16,4% воспринимают казахский язык как средство общения, «казахский язык (как и язык других этносов) - это душа народа» считают 13,7% граждан Казахстана.

С 2007 года в Казахстане реализуется культурный проект «Триединство языков». И уже в Послании 2016 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» Глава государства Республики Казахстан Н.Назарбаев предложил начать поэтапную реализацию этого культурного проекта. Наряду с духовным развитием народа Казахстана он был выделен как отдельное направление внутренней политики. «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык – как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику», – сказал Президент . Для определения отношения населения к данному проекту был задан вопрос «Как Вы относитесь к реализации Проекта «Триединство языков»?». Наибольший процент респондентов (54,8%) утверждают, что реализация этого Проекта - дело государственной важности, так как Казахстан решает сегодня задачу вхождения в число наиболее развитых государств, 21,3% казахстанцев считают, что реализация этого Проекта поможет решить проблему развития языковой среды в Казахстане, и только 8,4% думают, что этот Проект нанесет вред развитию казахского языка [2].

Таким образом, проблема государственного языка, как часть национальной (гражданской) идентификации играют огромную роль в успешном интеграционном процессе казахстанского общества. И абсолютно справедливо считать, что одной из основ новой гражданской идентичности является знание всеми гражданами Казахстана казахского языка, об этом свидетельствуют и результаты опроса. Залогом стабильности и процветания является языковое единство казахстанцев, когда казахский и русские языки являются символами взаимопонимания и взаимоуважения.

Вопрос знания казахского языка всегда связан с формированием казахстанского патриотизма, так как знание казахского языка это в первую очередь знание государственного языка страны. Сейчас создаются все возможности для овладения казахским языком. В госучреждениях и на предприятиях открываются курсы, издаются и распространяются научно-методические материалы. По поручению главы государства материально поощряются сотрудники госорганов неказахской национальности, владеющие государственным языком. Многие наши сограждане осознают свой патриотический долг – учиться казахскому языку. К тому же пришло понимание, что знание государственного языка является фактором личной конкурентоспособности, карьерного продвижения в любой сфере деятельности.

Список литературы:

1. Пухович Л. Государственный язык и национальная идентификация как факторы обеспечения безопасности и стабильности Республики Казахстан / Безопасность: международная, региональная, национальная (системный подход). Материалы международной научно-практической конференции, посвященной памяти доктора политических наук, профессора М.С. Машана. - Алматы.: Дайк-Пресс, 2007.
2. «Государственная программа Республики Казахстан функционирования и развития языков» на 2011-2020 годы, N 4106
3. Шустов А. Казахстан: плюсы и минусы латинизации. 2006-12-06 // www.apn.kz/author/sauthor733/htm
4. Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» (от 11 июля 1997 года № 151-1, с изменениями, внесенными Законом РК от 20 декабря 2004 г. № 13-III). // Казахстанская правда, 16 июля 1997 года
5. Сеитов А. Триединство языков // <http://www.baiterek.kz/index.php?journal=28&page=386>

УДК 316: 413

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ОРТАСЫНДАҒЫ МӘНІ

Курманова Ж.Б. *Волошинов А.В.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

*Гагарин Ю.А атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университеті, Саратов қ., Ресей

Аннотация: Бұл мақалада гасыр басындағы қазақ зиялыларының тамаша есімдерінің тұтас бір галактикасының қазақ мәдениетінің элементі ретінде қазақ тілінің даму аспектілері қарастырылады.

Кілт сөздер: өзін-өзі тану, бірегейлік, этнос, дәстүр, тіл мәдениеті.

УДК 342.8

РАЗВИТИЕ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РК: ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ.

Кульматов С.Я.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** статья о введении прямой выборности акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов и предлагаемых других возможных изменениях избирательной системы на местном уровне.*

***Ключевые слова:** выборность акимов, избирательная система, местное управление и самоуправление, самовыдвижение.*

С подписанием Президентом РК Токаевым К.Ж. поправок в закон «О выборах в Республике Казахстан», по мнению экспертов, обозначился новый тренд в отношении государства к местному самоуправлению. Речь идет о введении прямой выборности акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов. Говорить о новом тренде действительно можно, потому что эта законодательная новация выпадает из прежней логики развития местного государственного управления и самоуправления. В 2018 году были приняты поправки в этот же закон, где упразднился механизм самовыдвижения при выборах в маслихаты всех уровней, что сформировало монополию политических партий на выдвижение кандидатов. Фактически, существующая административная централизация (право вышестоящей инстанции на назначение акима в нижестоящие местные органы власти с согласия маслихата) дополнилась политической централизацией (правом политических партий на формирование состава маслихатов). Нововведения в закон о выборах от 2021 года вводят выборность акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов напрямую, то есть непосредственно самими жителями. Для выборов этого уровня восстановлено самовыдвижение кандидатов. То есть, новый тренд направлен на усиление влияния снизу - избирателя, населения. Большой интерес вызвал анонс Президента о проведении выборов акимов районного уровня и возможности расширения этой практики и на более высокий уровень. Внимание к этой теме понятно. Развитие института выборности акимов – это один из возможных ответов на общую проблему политической системы РК - недостаточность развития механизмов обратной связи и инструментов оценки работы государства и политической элиты.

Вместе с тем было бы ошибкой видеть в выборах местных акимов только эксперимент для большой политики. Введение выборности акимов — это важный шаг в развитии местной системы власти и нужно рассматривать это нововведение комплексно, с точки зрения развития управления регионом в целом. Правильное понимание этой ситуации — это не только дорога к успешному введению этого института на местном уровне, но и большой шаг в решение важной задачи в развитии государственности РК – формировании более полномочной и более эффективной системы местной власти. Именно в рамках данного понимания предполагается вынести на обсуждение некоторые предложения по дальнейшему изменению избирательного законодательства на местном уровне. Предлагаемые изменения есть смысл рассматривать только в случае расширения практики избрания акимов до районного уровня и каких-то новаций на уровне высшей региональной власти. Суть предложений заключается в задаче придать выборам на местном уровне свою отдельную повестку, связанную с подчиненностью проблемам на местах. Конкретнее предлагается проводить выборы на местном уровне с более частой периодичностью – например через два года. Сроки полномочий в 4–5 и более лет избираемых органов и должностных лиц связаны обычно с общенациональной повесткой, с задачами и проблемами, которые требуют

значительного временного периода для их решения и соответственно, оценки избирателя. На местном уровне два года достаточный срок, чтобы, например, оценить работу районного акима и депутата маслихата. С другой стороны, можно было бы упростить требования к избирательной процедуре на местном уровне, в том числе и в смысле финансовых затрат.

Формирование местной политической повестки поставит вопрос и о строго партийном формировании списка кандидатов на избрание. Партии — это все-таки общенациональная повестка. На региональном уровне, и особенно на уровне района и округа, на первый план выходят местные проблемы и личные качества кандидата, а не партийная принадлежность. Поэтому видится смысл вернуть институт самовыдвижения на местных выборах и соответственно, мажоритарный характер избирательной системы. Представляется, партии должны сформировать новую модель работы в регионах, особенно на низовом уровне.

В целом очевидно, что развитие выборности акимов на местном уровне и предлагаемые новации в избирательную систему — это только один из моментов и этапов в развитии полномочных местных органов власти. Бюджетная модель РК и неравномерность в развитии регионов предполагают дотационный характер в отношениях выше и нижестоящих властей, поэтому и здесь большая эволюция так же необходима. Но если говорить о немедленном эффекте от новаций в избирательной системе на местном уровне, то это будет развитие механизма обратной связи, антикоррупционная составляющая (на низовом уровне контроля местного сообщества), формирование нового политического актива и развитие политической культуры участия в управлении государством.

Список литературы:

1.«О выборах в Республике Казахстан» Конституционный закон Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года № 2464.

URL: https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z950002464_/24.05.2021

2. Данияр Ашимбаев. О выборах акимов..

URL: <https://turanpress.kz/politika-i-vlast/o-vyborakh-akimov-2>

ОӘЖ 342.8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДАМУЫ: ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗЕРІСТЕР

Кульматов С.Я.

Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлануын енгізу және жергілікті деңгейдегі сайлауларда ұсынылып жүрген басқа да ықтимал өзгерістер туралы мақала.

Кілт сөздер: әкімдердің сайланушылығы, сайлау жүйесі, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұсыну.

ӘӨЖ 378(075.8)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРҒЫС СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Раманова А.А., ф.ғ.к., БҚИТУ қауымдастырылған профессор
Қоңырбай А.А., БҚИТУ магистранты

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аннотация:** Мақалада қазақ тіліндегі қарғыс сөздердің зерттелу жағдайы және осы құбылыс туралы ғалымдардың пікірлері талданады, сондай-ақ көркем әдебиеттен алынған тілдік материал мысалында қарғыс сөздердің семантикалық түрлері мен формалары түсіндіріледі, оларды әдебиетте қолдану ерекшелігі қарастырылады.*

***Кілт сөздер:** қазақ тілі, қарғыс сөздер, семантикалық түрлер.*

Қазақ тіл білімінде табиғаты ерекше, баса назар аударуды қажет ететін сөздер тобы бар. Олар – қарғыс сөздер. Қарғыс сөздер әдеби тұрғыдан да, тілдік жағынан да аз зерттелді деп айта аламыз. Қарғыс сөздер кез келген адамның бойына қорқыныш үрейлететіні рас, мүмкін, сондықтан да бұл сөздердің мағыналары мен қолданылу сипатына назар аударылмай келе жатқан болар.

Қарғыс туралы алғаш рет жазған – Х.Досмұхамедұлы. Ол «Бата мен алғысқа қарама-қарсы түр – қарғыс. Қарғысты дұшпанына, әкесі – көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молла – діннен безгендерге айтатындығын ұғамыз. Кейбір зерттеушілер қазақтың ашуланғанда күнделікті айтып әдеттенген «албасты басқыр», «тұқымың құрғыр», «желкең қиылғыр», «шешек келгір» сияқты т.б. балағат сөздерін қарғысқа жатқызады», – дейді [1, 34].

1960 жылы ғалым Ә.Болғанбаев «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері» атты жинақта қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер туралы сөз етеді [2].

1974 жылы С.Төлекова «Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, тұрақты тіркес түрінде келетін қарғыс сөздер табиғатына назар аударады [3].

Жас ғалым Ә.Ә.Қасымованың «Орта түркі мәдениетіндегі қарғыс мәнді қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты» атты мақаласында ауызекі сөйлеу тілінде қолданысқа түсетін қалып сөздердің бір түрі «қарғыс сөздер» жайлы сөз етеді [4]. Қарап отырсақ, ғалымдардың көпшілігі қарғыс сөздерді алғыс сөздермен қатар қарастырады. Біз аталған мақаламызда қарғыс сөздерді жеке қарастыруды жөн көрдік.

«Бабалар сөзі» еңбегінде қарғыс сөздердің ашық қарғыс және астарлы қарғыс деген екі түрі көрсетілген [1]. Ашық қарғыста сөздің ызасы, айбаты бірден айқын сезіледі. Ал астарлы қарғыстың сыртқы тұрпаты батаға ұқсап келеді де, оны айтушы кекету әдісін (әдемі сөздер арқылы) шебер пайдаланып, арғы ойын жымысқылықпен тұспалдап жеткізеді.

Қарғыс сөздерді халқымызда көбіне әйел заты айтады. Бұл қарғыс сөздердің гендерлік сипаты деп білеміз. Қарғыс сөздер ерлер тілінде мүлдем кездеспейді десек те болады. Үлкен жастағы ер адамдарда теріс бата беру дәстүрі бар. Теріс бата беру – баласынан көңілі қалған әке сөзі.

Мағыналық ерекшеліктеріне қарай қарғыс сөздерді төмендегіше түрлерге бөлуге болады:

1) Күнделікті өмірде айтылатын қарғыс сөздер: Аулыңнан үрген иттің үні шықпағыр, Басыңа көрінгір, Бүйіріңді тесіп шыққыр, Дәм-тұзым атсын, Жағың қарыссын, Жаның шықсын, Жегені кере болсын, Жолыңа жуа шықсын, Жұртта қалғыр, Игілігін көрсетпесін, Керегесін итіне қомдасын, Көзің көріп, қолың ұстамағыр, Көнің кепкір, Күлмей күмрен болғыр, Күлкің көмір болғыр, Қазаның қақ айрылғыр, Қазаның қақ бөлінгір, Қайнаған қазан бауырыңа төгілгір, Қара басыңа көрінгір, Обалы жібермегір, Ошарылып қал, Өзімен кетсін, Өз басымен кетсін, Өз қара басына көрінсін, Өрісінді өрт алғыр, жайлауыңды жау алғыр,

Садаға кет, Суал, суалғыр, Ұсқының құрғыр, Үйің күйгір, Үйіңнен үркіп шыққыр, Үйіңнің төбесінен күйкентай ебелектегір, Ішің кепкір. Мысалы: «Дәм-тұзым атсын»,- деді Әліби Алдаберген софыға ренжіп. Тәңірбергеннің қасындағы дембелше жігіт Қарақатынға жетіп барып, аяғымен теуіп жіберді. – Ой, бүйіріңді тесіп шыққыр. Мынау біздің мырзаның құла байталының терісі ғой (Ө.Нұрпейісов). Құнанбай ақырып: – Қысқарт енді, басыңа көрінгір, не көрінді, басыңмен кеткір! - деді (М.Әуезов). – Ойпыр-ай, үйің күйгір-ай, қайсысы екен мұны жазып жүрген?! Байдалы шал бұл әктілерді жазған адамдарды да бір-бір сыбап боқтап алады: «Өй, жаның шыққыр, өтірікті көйітуін»,- дейді, екіншісіне: «Е, жарайды, көрерміз»,- дей салады, енді біріне: «Мұны анықтау керек шығар»,- деп қояды (С.Мұратбеков).

2) Балаларға айтылатын қарғыс сөздер: Ананың ақ сүті ұрсын, Атау-кереңді ішкір, Бүйірің шықпағыр, Бүйірің шығып, ас ішпегір, Желкең қиылғыр, Жер жастанғыр, Жер жұтқыр, Жер тартқыр, Жөргегінде ұрғыр, Жүрмей, жүрімің қысқарғыр, Жүрмей, жүйкең құрғыр, Жүйкең үзілгір, Кежегең кесілгір, Кереңді же, Көктей солғыр, Көгермей көктей сол, Көсегең көгермесін, Қағынды келгір, Қан жауғыр, Қан жұтқыр, Қараң батсын, Қараң батқыр, Қараң қалғыр, Қарныңа қара пышақ кіргірі, Құрып қалғыр, Қыршыныңнан қиылғыр, Қырғын келгір, Ойының осылсын, ойының осылғыр, О, көк тігілгір, Отырмай омал, Табаныңнан таусыл, табаныңнан таусылғыр, Тумай, туа шөккір, Ішегің үзілгір, Ішпесең ішусіз қал, Ішпесең атауыңды іш, Ішің толғыр. Мысалы: – Ойының осылсын, ойының осылғыр. Үсті-бастан сау тамтық жоқ, алым-жұлым боп. Шық былай, сүміреймей. Әй, мен саған шаппай барып суғар дедім, ғой!.. Желкең үзілгір, қинама атты!.. – Не дейді! Тек, әрі! Өй, күшік, о кісінің атынан садаға кеткір. Немене, мазағың ба еді, сеніңі? - Аян... О, желкең қиылсын сенің. Аян дейді ғой. Аян дейді... Таста әрі!.. - Апам шананы әрі түкпір бұрышқа қарай итеріп тастап, мені желкемнен бір түйді (С.Мұратбеков).

3) Әйел адамдарға айтылатын қарғыс сөздер: Адыра қал, Байсыз өткір, Байың өліп, бақытың күйсін, Белің үзілсін, Бетің тілінсін, Бетің күйсін, Жесір қалғыр, Жүзің күйгір, Қара жамылғыр, Қара бет болғыр, Салдақы қар, Тұл қалғыр, Шашың жайылғыр. Мысалы: Қарақатынның түсі лезде бұзылды. Онсыз да кірпік-қасы үйітілгендей, қан-сөлсіз қара сұр кескінін долылық буып: - Не дейді? Мазанды алатындай мен не қылыппын?- деп екі бүйірін таянып, тепсініп шыға келді. - Тұңғыш құрсақ көтерген тұмса келіншек қой деп, ақылымды айтсам, о несі, әй? Мендей абысының айтпағанда, кім айтады? Маза берші деп... Адыра қал! Қызының бет - аузын долылық буып сазара қалған мекерлігін жаратпаған Қарақатын: Ой, бетің тіліңгірі Ақбала құсап бедіреюің қараш!- деп еді... (Ө.Нұрпейісов).

4) Ер адамдарға айтылатын қарғыс сөздер: Адыра қалғыр, Артында қалғыр, Ант атқыр, Басқан жерінен шөп шықпасын, Басқан аяғы кейін кетсін, Бауыры езілсін, Бауырың тіліңгір, Бауырыңа құр түссін, Иесіз қалғыр, Кебініңді жалмағыр, Кебінің кигірі, Көз жасы жібермегір, Көріңде өкір, Қазана шабылсын, Қараңа жайылсын, Қара сорпасын ұрттатқыр, Қатын-балаң шулап қалсын, Құлқыныңа құм құйылсын, Тамағыңа тас тығылсын, Лағынет тисін, Мал көрмегір, Мұратын еш бермесін, Отбасыңнан өрт шықсын, Өлме, өлсең қайтып келме, Сүйегің шыққыр, Тұз-дәмім ұрсын, Тұқымың құрғыр, Тұқымың тастаққа жайылмағыр, Тұқымыңа сиейін, Түбің түссін, Ұлың Ұрымға, қызың қырымға шұбырсын. Мысалы: - Қайдасың, ойбай, адыра қалғыр, Әзберген!! Ойбай, қайдасың!?! – деп айқайға басып келеді дауылдатып ақсақ Торқа. - Тұқымыңа сиейін, ойбай, Әзберген, қайдасың?! — деп қайта тұлданып, босаға жақта тұрған өзінен үлкен келсапқа жармасты. - Уа, түбің түссін, бол тез! Теңдік тиді саған да, сөйле! – Тұз-дәмім ұрғыр Қауқаш!.. Тұз-дәмім ұрсын!.. Ой-бо-ой! Не жазығым бар еді? - Өй, ант атқыр! Ант атсын сені! — деп отыра қалып ақшасын жинауға кірісті. - Құдай бетін көрмегір! Көз жасым жібермегір! – деп аңырады бәйбіше (С.Елубаев).

5) Төрт түлік малға айтылатын қарғыс сөздер: Ақшелек келгір, Арам қатқыр, Арам өлгір; Борша болсын, Ет болғыр, Кілеңкі болғыр, Қарасан келгір, Қасқыр жегірі, Қолды болғыр, Қырық жілік болғыр, Мәлік келгір, Мүйізін сынғыр, Ошақ болғыр, Отақ келгір, Сыпыр алғыр; Мысалы: Кенжекей бір-екі жасқап еді, оған болмағасын тұмсығына салып қалды, үркек інген атып тұрды. Кенжекей бұйдаға жармасты. – Ой, жамалдатқыр, шөк! Шөк! – Арам қатқыр сары інген... Жамалдатқыр сары інген! - Кенжекей бір жығылып, бір тұрып жүгіріп келеді. – Түйең

арам қатсын! Борша болсын! Қара өкпе тисін түйеңе! (Ә.Нұрпейісов). – Шік-эй! Әй, мүйізін сыңғыр! Шік! – деп айқайлады іштен Балқия (С.Елубаев).

6) Дүние-мүлікке айтылатын қарғыс сөздер: Өрт алғыр, Ит жегір, Иесіз қалғыр. Бұл топтағы қарғыс сөздерді зілсіз қарғыс сөздерге жатқызуға болады. Себебі адам жансыз затқа зілді қарғыс айта бермейді, асығыс жүргенде немесе басқа жағдайда жолына кедергі болған затқа айтылатын сөздер. Мысалы: Қарақатын тезірек от жағып жібермек болды. Оттың іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған қара құманды қағып кетті. Онан шелекке сүрініп, үй іші даңғыр-дұңғыр болды да қалды. - О, көк тігілгір! О қара байланғыр! Есіз қалғырдың мүлкі, түге. Тап жаңа ғана тап -тұйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім. Әй, мына жау жегір отқа не болды? Неге тұтамайды? (Ә.Нұрпейісов).

7) Ауру шақыруға бағытталған қарғыс сөздер: Жақкұрт кессін, Көгала келгір, Көк түйнек болғыр, Күл шыққыр, Қараталақ келгір, Қолқанды құрт жесін, Сусамыр болғыр, Тас біткір, Тіліңе теріскен шықсын, Шешек шыққыр, Ыңыршағың айналғыр.

8) Алла, Тәңір, Құдай сөздерімен байланысты келетін қарғыс сөздер: Зауалыңды құдай берсін, Көк кәріне ұшыра, Көкірегіңді Құдай бассын, Құдай бұйыртпасын, Құдай жүзін көрмегір, Құдай тас төбеңнен ұрсын, Құдай ұрғыр, Құдай тілеуінді бермесін, Тәңірден тап, Құдай төбеңнен ұрсын, Тіліңді тәңір кессін. Мысалы: – Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі әкірендеген! - деп Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды (М.Әуезов). – Осының бәрі әлгі, құдай атқыр Зибаштың кесірінен. Ала жаздай артынан түсті ғой... (С.Мұратбеков). - Құдай тас төбеңнен ұрсын, Шойынқара! (С.Елубаев)

Қарғыс сөздері, тұтастай алғанда, «қара энергияға» басым болып табылады, тіпті адам жанын күйзеліске ұшыратып, өлім тілейтін қарғыстар тілімізде бар. Айту барысында адамға өте күшті әсер ететін, тіпті теріс көзқарасын білдіретін тілектер де қазақтың қарғыстарында ұшырасады.

Халқымыздың уытты да ең ауыр қарғыс сөздері: Анаңның көрі жанғыр, Аузың желкеңнен шықсын, Есіктегі басың төрге жетпесін, Жуадай солғыр, Көзін ашпағыр, Көзің аққыр, Көзің желкеңнен шыққыр, Көзің тас төбеңе шыққыр, Көзіңе құм құйылсын, Көзің ойылғыр, Көктей солғыр, Көріңде өкіргір, Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын, Күнше бат, Қара аспан айналып түскір, Қарғыс атқыр, Қуарып қал; Қубас өт; Өзің білме, білгеннің тілін алма, Тілеуің құрсын, Тілеуің кесілсін, Ұрпақсыз өт. Мысалы: Қамқаның бейітін құшақтағалы еңіреп келе жатқан Жексенді кеуделеп қойып қап: – Әй, көзің ақсын, көзің аққыр өңшең!.. - деді. – Көзің аққыр, көзің ақсын! Ей, Құнанбай, аруақ қаны... Қарғыс атқыр! -деп, Бөжей айғай салып еді, осы кезде оны жығып салып, тоны мен шапанын түріп тастап, Қамысбай қамшыны қайта көтеріп алды. Бөжейдің бәйбішесі ғана атының басын іркіп, түйелерін тоқтатып тұрып: – Уай, қара бет! Көріңде өкір шетіңнен, қаралы көшке шапқан қара бет! – деді (М.Әуезов). - Уа, аузың желкеңнен шықсын... Ждақай! Көктей сол! Көктей солғыр! – деп Жамал бәйбіше жерді төмпештеді (С.Елубаев).

Халқымыздың түсінігінде дүниеден өткен ата-бабаларымыздың аруағы үнемі кейінгі ұрпағын қолдап жүреді деген түсінік бар. Осыған байланысты бұл тіркестерге мағыналық жақтан қарама-қайшы келетін төмендегіше қарғыстар да бар: Аруақ атқыр, Ата-бабаңның көрі жанғыр, Атаңа нәлет. Мысалы: «Атаңа нәлет, ақылсыз қатынның ұстап бергенін қарашы», - деді Дос ішінен. «Осы тулақтың көзін құрт», - деп қанша қақсаса да, атаңа нәлеттің қатынына тілін алдыра алмай қойып еді (Ә.Нұрпейісов).

Кейде үлкен қателік жіберген жағдайда өзін-өзі қарғау да бар. Мәселен: Атым құрысын, Аузыма қан толсын, Көктей кетейін, Көрсем көзім ақсын, Нан соқсын, оңбайын, Өліп кетейін, Садағаң кетейін. Мысалы: Құдаймендеге түк істей алмасам да, ал, бірақ, сені, сен итті суға атпасам... Кәлен атым құрысын! (Ә.Нұрпейісов). – Қағытып отырғам жоқ, әпкетай-ай, құдай ақы шын сөзім. Олла-билла, көгермейін, көктемейін, жалшымайын, оңбайын, қызығымды көрмейін, опа таппайын, несібемді ит жесін, иманымнан жұрдай болайын...- деп ант-су ішіп шұбырта жөнелді (С.Мұратбеков). – Уай, садағаң кетейін, сөз-ақ! – деп лепіре айқайлап ахунды қошеметтеп қояды Шәріп (С.Елубаев).

Тілімізде зілсіз қарғыстар да бар. Мысалы: Бұған сырт қарап тұрған Бізғұтты жаңағы тұздықты бөліп құйып тұр екен. Қозғалып кетіп, тұздығының біразын жерге төгіп алып: Өй, тәңір алғыр!.. Бұл кім өзі?.. - деп ашумен сырт айнала беріп, Абайды көрді... – Тұу, бар болғыр, зәре-құтымызды алды ғой. – Уай, сөзің бар болсын... Арғы жағын айтпай-ақ қой, түсінікті! (М.Әуезов).

Зерттеу барысында қарғыс сөздердің, жоғарыда келтіріп өткендей, мағыналық ерекшеліктері бар екендігі анықталды. Олардың тарихы көнеден келе жатқандықтан белгілі бір жағдаятқа ғана қатысты айтылатын қарғыстардың қуаты күшті болады. Сонымен қатар ауызекі тілде күнделікті қолданыста қайталана беріп, кейбір бейтарап мағынаға ие болған қарғыстар да кездеседі. Олар үнемі айтыла бергендіктен қарғыстық қуаты әлсіреген. Психологиялық жағынан қарғыстарды айтуда түрлі эмоциялық сезімдер мен адамның жан-дүниесіндегі өзгерістер қарғыстың айтылуына негіз болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана: Фолиант, 2013. Т. 93: Магиялық фольклор. – 432 бет.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер//Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1960.
3. Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер. Ф.ғ.к. ... дисс. Алматы, 1974.
4. Қасымова Ә.Ә. Орта түркі мәдениетіндегі қарғыс мәнді қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты // <https://tilalemi.kz/article/642>
5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

УДК 378(075.8)

СМЫСЛОВОЙ ХАРАКТЕР СЛОВ-ПРОКЛЯТИЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Раманова А. А., к. ф.н., ассоциированный проф. ЗКИТУ.

Конырбай А. А., магистрант ЗКИТУ

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье анализируется состояние исследованности слов-проклятий в казахском языке и мнения ученых о данном явлении, также разъясняются смысловые виды и формы слов-проклятий на примере языкового материала из художественной литературы, рассматривается специфика их использования в литературе.

Ключевые слова: казахский язык, слова-проклятий, смысловые виды.

ӘОЖ 355.22(574.1)

КЕЙБІР КӨЛІК ТҮРЛЕРІНДЕ ЖҮКТІ ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарсенова А.Ж.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Азаматтық және көліктік заңдардың дамуы мен жетілдірілуі теориялық және тәжірибелік тұрғыдан да өзекті болып табылатын көптеген шешілмеген мәселелерді туындатады. Жүк тасымалдау ережелерінің жетілмеуі және тәжірибеде қолдану үшін тиімсіздігі, сәйкесінше, цивилистика ілімінде жүкті тасымалдау шартының құқықтық табиғатын, олардың пәні мен мәнісін әрқалай түсінуге әкеледі. Қалыптасқан жағдайды көліктік міндеттемелердің экономикалық табиғатына сай келетін және жүкті жеткізу үрдісін ортақ құқықтық реттеудің талаптарына сай келетін ережелерді құрастыру жолымен түзетуге болады.

Кілт сөздер: азаматтық құқық, шарт, көлік, көлік құқығы, тасымалдау құқығы.

Қазіргі көлік түрлерінде тасымалдау кешені – экономика саласындағы негізгі қызмет ету элементі болып табылады және өнімнің тиімділігін арттыруға, әсер етуге қабілетті, өндірістік процестерге ықпал ететін шикізат, отын, өнімдердің қалыптасуына септігін тигізеді.

Нарықтық экономикада автокөлік кәсіпорындары қосымша кіріс алу үшін көлік қызметі үдерісіне мүдделі, яғни әртүрлі қызметтер желісін дамыту, жұмыс әдістерін жетілдіру, клиенттердің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру, келісім шарттарға келу және т.б. болып келеді.

Нарықтық қатынастарға көшу кезінде жүктерді көлік түрлерінде тасымалдаумен байланысты болады, сол себепті тудыратын қиындықтарды қарастырып, алдын-ала нәтижелер жасалуы керек.

Көлік саласын дамыту жаһандану және экономиканы күшейту жағдайында мемлекетіміздің басым бағытына айналып отыр. Өйткені, экономиканың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі әсіресе көлік-коммуникация кешенінің тиімді қызметіне байланысты болады. Осыған орай, көліктік қатынастарды құқықтық реттейтін Қазақстан Республикасының көлік құқығын зерттеу және талдау жүргізу оның даму келешегін айқындауға мүмкіндік береді.

Көлік құқығының жүйесіндегі азаматтық-құқықтық бастамаларға жүргізілген талдаулар олардың көлік құқығы үшін негіздер болып табылатыны туралы, көлік құқығын құрайтын нормалар қалайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының көліктік саясаты тиісінше көліктік заңнамалардың дамуына ықпалын тигізеді. Осыған байланысты, көліктік заңнамаларды жетілдірудің негізгі бағыттарына айқындаудың маңызы зор. Қолданыстағы көліктік заңнамаға жүргізілген талдаулар кейбір мәселелерді айқындап береді, құқықтық актілердің бір-біріне қарама-қайшылығы, жеткіліксіздігі, көлік қызметі саласын реттейтін заңнамалардың түпкілікті қалыптаспауы. Көлік саласын құқықтық реттеу қазіргі кезеңде Қазақстан заңнамалары жүйесін жетілдірудің басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Көліктік заңнамалардың сапалы болуымен еліміздің экономикасының қарқынды дамуы, әлемдік көлік жүйесіне кіруі тығыз байланысты.

Көлік құқығының дамуы көліктік қатынастардың жеке түрлерін (аралас тасымалдау, чартер бойынша) реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру бағытына жалғасады. Көліктегі жаңа инновациялық технологиялардың қолданылуы жүктерді тасымалдау шартының рөлін арттыруда. Мұндай мемлекеттік маңызды міндеттерді шешумен байланысты жүктерді тасымалдау бойынша тараптардың арасындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру қажет. Өйткені, қазіргі тасымалдаушы көліктік қызмет көрсету нарығында тек қаа тасымалдаушы ретінде емес, сонымен бірге бүкіл тасымалдау үрдісінің ұйымдастырушысы ретінде де қызмет көрсете алады. Құқықтық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі көліктік қызмет көрсету нарығының дамуын тежейді. Қазіргі уақытта Қазақстанда тасымалдау институтын реттейтін нормалар индустриалды дамыған елдердің нормаларына және халықаралық конвенциялардың нормаларына сәкес келмейді.

Көлік қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерін анықтайтын заңнамалық базаны негізнен алғанда қалыптасқан. Бірақ көлік саласының қызметін реттейтін заңнама нормалары халық аралық құқық нормаларының негізгі ережелерін ескеруі тиіс. Мұны

ұлттық және халық аралық көліктік заңнамалардың үйлесуі деп атайды. Ұлттық құқықтық даму үрдісі халық аралық құқықпен үйлесу жолымен іске асырыла отырып, дүние жүзі елдерінің арасында сауда және экономикалық қатынастардың дамуына септігін тигізеді.

Жүкті тасымалдау шарты көліктік шарттар жүйесінде басым орынды алады, яғни негізгі шарт болып табылады. Себебі дәл осы шарт материалдық құндылықтарды тасымалдаумен байланысты негізгі міндеттерді атқарады. Соған қарамастан, ҚР АҚ-де жүктерді тасымалдаумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу міндеттемелік шарттардың басқа түрлерін реттеумен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеленеді.

Тасымалдау сияқты күрделі міндеттемені реттейтін ережелерге заң шығарушы жиырма шақты ғана баптарды арнаған (мәселен, салыстыру үшін ҚР АҚ-нің 25-тарауы сатып алу шартында жүздей бап бар). Жүк жөнелтуші, тасымалдаушы мен жүк алушының арасындағы қарым-қатынас негізінен ҚР АҚ-нің 34-тарауымен, арнайы көліктік заңдармен, тасымалдау ережелерімен реттеледі.

Жүкті тасымалдау шартының заңды табиғатына жүргізілген зерттеу жұмысы азаматтық құқық ғылымында біртекті көзқарастардың қалыптаспағанын байқатады. Жүкті тасымалдау шартының құқықтық табиғатына қатысты пікірталастар заң әдебиетінде кеңестік дәуірден бері толассыз жүргізіліп келеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарының көптігіне және олардың құнылығына қарамастан, көліктің жеке түрлерімен жүкті тасымалдау шартын құқықтық реттеуді жалпылама талдауға жеткіліксіз назар аударылған деп есептейміз.

Тасымалдау шарты — азаматтық құқықтағы ең маңызды шарттардың бірі, ол ұзақ уақыт бойы мердігерлік шартының жеке түрі ретінде қарастырылып келген болатын. Қазақстандық азаматтық құқықтың аумағында тасымалдау шартын дербес түрге бөліп қарастыру кеңестік мемлекеттің қалыптасу кезеңінде аяқталған ұзақ та қиын үрдістен өтті.

Кеңестік дәуірге дейінгі Ресей азаматтық заңнамасында тасымалдау шарты мердігерлік шарттың бір түрі ретінде қарастырылғанымен, азаматтық құқық ілімінде тасымалдау шартының дербестігі танылып, оны жан-жақты реттеу қажеттігі аталып өткен болатын. Мәселен, Г.Ф.Шершеневич азаматтық-құқықтық шарттарды жіктей отырып, қызмет көрсету туралы шарттардың қатарында тасымалдау шартын дербес көрсетеді және оған келесідей анықтама берген: «Тасымалдау шарты — бір тарапты, тасымалдаушыны, сыйақы үшін басқа тараптан, жөнелтушіден, қабылдап алынған заттарды құрлық жолымен немесе су жолымен, өзінің жылжымалы құралымен белгіленген жерге дейін жеткізуге және белгілі бір тұлғаға — қабылдап алушыға табыстауға міндеттейтін келісім»

Жүк тасымалдау шарты екі жақты болып табылады. Жүк тасымалдау шарты екі тарап – жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының арасында жасалады, ал жүк қабылдаушы – осы шарт пайдасына жасалатын үшінші жақ деп танылады.

Жүк тасымалдау шарты өтеулі шарттарға жатады. Тасымалдаушының жүкті белгіленген мекенжайға жеткізу және оны қабылдаушыға табыстау міндетіне қарама – қарсы жүк жөнелтушінің жүкті тасымалдау жеткізгені үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеу міндеті тұрады. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау орындалғанда тасымалдау ақысы бекітілген тарифке сәйкес анықталады.

Жалпы барлық көліктік заңдар жүк жөнелтушінің басты міндеті – тасымалдағаны үшін сыйақыны және тасымалдаушының басқа да шығындарын уақытылы төлеу міндетін орындамағаны үшін жауапкершілікті қарастырады. Теңіз көлігін де жүк тасымалдау бойынша жүкті қабылдап алушыға берген кезде ол келесідей төлемдерді төлеуге тиіс: алушы өзіне жүк берілген кезде тасымалдаушы жүк есебінен шығарған шығыстарды өтеуге, кеменің жүк түсіру портында босқа тұрып қалғаны үшін ақы төлеуге, сондай-ақ жалдау ақысын төлеуге және алына отырып жүк тасымалы жүзеге асырылған басқа құжатта көзделсе, кеменің жүк тиеу портында босқа тұрып қалғаны үшін төлем енгізуге міндетті, жалпы авария жағдайында авариялық жарна енгізуге міндетті, жалпы авария жағдайында авариялық жарна енгізуге немесе тиісінше қамтамасыз етіп беруге міндетті (Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Заңның 95-бабы).

Жүк тасымалдау бойынша көлік ұйымдарының тәжірибесінде жүк жөнелтуші сыйақыны төлеуден негізсіз бас тартса немесе уақытылы төлемесе, әрбір кешіктірілген күн үшін белгілі бір мөлшерде (мысалы, 0,1-0,5 процентке дейін) өсім төлейді, бірақ оның мөлшері сыйақының мөлшерінен аспауға тиіс. Бұндай даулар соттардың құқық қолдану тәжірибесінде жиі кездеседі.

ҚР АҚ-нің 699-бабында жүкті алушы тез бүлінетін жүкті алудан бас тартқан жағдайда мұндай жүкті сақтау мүмкін болмаған және оның бүлінуіне әкеп соғуы ықтимал жағдайда жүк жөнелтушінің оған қалай иелік ету керектігі жөнінде нұсқауы болмаса, тасымалдаушының жүкті салуға құқығы бар деп атап көрсетілген. Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі соманы шегергеннен кейін нотариустың атына депозит шартымен салынады.

Жүк тасымалдау шарты көлік шарттары жүйесінде үстем жағдайға ие, яғни негізгі шарт болып табылады. Себебі дәл осы келісім материалдық құндылықтарды тасымалдауға байланысты негізгі міндеттерді орындайды. Дегенмен, ҚР МК-да жүк тасымалдаумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу Міндеттемелік шарттардың басқа түрлерін реттеумен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеленеді. Тасымалдау сияқты күрделі міндеттемені реттейтін ережелерге заң шығарушы тек жиырмаға жуық баптарды арнады (мысалы, салыстыру үшін ҚР АҚ 25-тарауы сатып алу-сату шартында жүз баптан тұрады). Жүк жөнелтуші, тасымалдаушы және жүк алушы арасындағы қатынастар негізінен ҚР АҚ 34-тарауымен, арнайы көлік заңнамасымен, тасымалдау ережелерімен реттеледі.

Азаматтық және көлік заңнамасын дамыту және жетілдіру көптеген шешілмеген проблемаларды тудырады, олар теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті. Практикалық қолдану үшін жүктерді тасымалдау ережелерінің жетілмегендігі мен тиімсіздігі сәйкесінше жүктерді тасымалдау шартының құқықтық сипатын, олардың мәні мен мәнін азаматтық ілімде әр түрлі түсінуге әкеледі. Қазіргі жағдайды көлік міндеттемелерінің экономикалық сипатына сәйкес келетін және жүктерді жеткізу процесін жалпы құқықтық реттеу талаптарына жауап беретін ережелер жасау арқылы түзетуге болады. Бұл мәселені шешу зерттеу нысаны болып табылатын шарттың құқықтық табиғатын және олардың негізіндегі экономикалық қатынастарды нақты зерттеу қажеттілігін анықтайды.

Жүк тасымалдау шартының заңды табиғаты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары Азаматтық құқық ғылымында біртекті тәсілдер қалыптаспағанын көрсетеді. Жүк тасымалдау шартының құқықтық табиғаты туралы пікірталастар кеңес заманынан бері заң әдебиетінде жүргізіліп келеді. Зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарының көптігіне және олардың құндылығына қарамастан, жекелеген көлік түрлерімен жүктерді тасымалдау шартын құқықтық реттеуді жалпылама талдауға жеткілікті көңіл бөлінбейді деп санаймыз.

Тасымалдау шарты-ұзақ уақыт бойы келісімшарттың жеке түрі ретінде қарастырылған Азаматтық құқықтағы маңызды шарттардың бірі. Қазақстандық азаматтық құқық аумағында тасымалдау шартын дербес түрде қарау Кеңес мемлекетінің қалыптасу кезеңінде аяқталған ұзақ және күрделі процесс болды.

Кеңес дәуіріне дейін Ресейдің азаматтық заңнамасында тасымалдау шарты Келісім-шарттың бір түрі ретінде қарастырылса да, азаматтық құқық доктринасында тасымалдау шартының тәуелсіздігі мойындалды және оны жан-жақты реттеу қажеттілігі атап өтілді. Сонымен, Г. Шершеневич азаматтық-құқықтық шарттарды, қызмет көрсету туралы шарттардың ішінде жіктей отырып, тасымалдау шартын өз бетінше көрсетеді және оған мынадай анықтама береді: "тасымалдау шарты — бір тарапты, тасымалдаушыны сыйақы үшін, екінші тараптан сыйақы үшін жөнелтушіні, қабылданған заттарды құрлық немесе су жолымен, өзінің жылжымалы құралымен баратын жеріне дейін жеткізуді және нақты алушы тұлғаға беруді міндеттейтін келісім" [1].

Кеңестік кезеңде біртіндеп тасымалдау, шарттық қатынастар таныла бастады. Өткен ғасырдың 20-50 жылдарындағы социализм дәуіріндегі жоспарлау жүйесіне сәйкес тасымалдау әкімшілік сипатта болғандықтан, тасымалдау қатынастарының шарттық сипатына күмән келтірілді. Азаматтық ғалымдар жүктерді тасымалдау жоспарлау актілері негізінде пайда

болғандықтан, жүкті тасымалдауға беру және қабылдау теміржол ұйымы мен жүк жөнелтуші үшін міндетті болып табылады, сондықтан оны келісім-шартпен ресімдеудің қажеті жоқ деп санайды. Осыған байланысты тасымалдау қызметі туралы түсінік біржақты болды.

1961 жылы КСРО мен одақтас республикалардың азаматтық заңнамасының негіздерін қабылдауға байланысты жүктерді, жолаушыларды, қол жүктерін тасымалдау шарттары бекітілді (72-77-Б.). Осылайша, құқықтық әдебиеттерде тасымалдаудың шарттық сипаты анықталды. Одақтық республикалардың, оның ішінде 1964 жылғы Қазақ ССР АҚ 34-тарауында "тасымалдау" деген атпен көлік ұйымдары мен клиенттер арасындағы қатынастарды реттейтін тасымалдау шартының құқықтық негіздері тиянақты бекітілген (363-376-Б.). Көрсетілген заңнама негізінде тасымалдау ережелері КСРО темір жолдарының жарғысымен (1964), КСРО Сауда мақсатында теңізде жүзу Кодексімен (1968), Қазақ КСР автомобиль көлігінің жарғысымен (1970) нақтыланды және жан-жақты регламенттелді.

Нарықтық экономикадағы бетбұрыстар негізінде шарттар жасасу еркіндігі қағидаттарына негізделген Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігінің орнығуымен ҚР АҚ 688-бабында бекітілген нормалар тасымалдау қатынастарының шарттық сипатына қатысты пікірталастар үшін негіз болды.

ҚР АҚ 688-бабына сәйкес жүк тасымалдау шарты негізінде жүргізіледі.

Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне екінші тарап (жүк жөнелтуші) сеніп тапсырған жүкті межелі пунктке жеткізуге және оны жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (алушыға) беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші шартқа немесе тарифке сәйкес жүк тасымалына ақы төлеуге міндеттенеді. Жүк тасымалдау шарты көлік құжатын, коносаментті, тауар-көлік құжатын немесе көлік туралы заңнамалық актілерде көзделген жүк тасымалдаудың өзге де құжатын толтыру жолымен ресімделеді (ҚР АҚ 689-Б.).

Жоғарыда келтірілген анықтамадан жүк тасымалдау шартының заңды сипатын келесідей сипаттауға болады: Нақты, екі жақты, өтелетін келісім. Жүктің нақты болу себебі тасымалдаушының міндеттемесі жөнелтушіден жүкті қабылдау кезінде пайда болғандығымен түсіндіріледі. Кемені жалдау (чартер) шартын жасасу жолымен ғана жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты консенсуалды шарт болып есептеледі. Тасымалдау шартының консенсуалдық сипаты тараптар өзара келіскен талаптар негізінде жүкті межелі жерге тасымалдау міндеті туындаған кезден бастап айқындалады. Ал нақты шартта міндеттеме жүкті тасымалдау үшін беру фактісінен туындайды.

Жүк тасымалдау шарты көлік құжатын, коносаментті, тауар-көлік құжатын немесе көлік туралы заң актілерінде көзделген жүк тасымалдаудың өзге де құжатын толтыру арқылы ресімделеді. Демек, жүкті тасымалдау шарты жөнелтушіден жүкті қабылдаған және оған көрсетілген құжаттардың бірін берген сәттен бастап жасалған болып саналады.

Жүкті тасымалдау шартының мәні тасымалдаушының жүкті жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін жеткізуі және оны жүк алушыға беруі болып табылады. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру шартынан айырмашылығы нақты жүктерді тасымалдауды көздейді. Сондықтан, құқықтық әдебиеттерде оны белгілі бір жүкті тасымалдау туралы келісім деп атайды [2].

Кеңес заманында және бүгінгі күні автомобиль тасымалы шартының консенсуалдық сипатын негіздейтін пікірлер бар. Мұндай пікір бойынша, жүкті тасымалдауға жіберер алдында алдымен автомобильді жүк жөнелтушінің аумағында орналасқан тиеу орнына беру туралы келісім жасалады, аталған міндеттер шарт жасасудан туындайды [3]. Бұл пікірдің себебі-автомобиль көлігінде бір жылға дейін ұзақ мерзімге тасымалдау шарты жасалады.

Жақында құқықтық әдебиеттерде тасымалдау шартын нақты шарт ретінде сипаттайтын заңды сипатқа күмән келтірілді. Себебі, тасымалдау шартының аумағы тасымалдау шартының жүйесіне әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайларды енгізу арқылы кеңейеді. Бұл тасымалдау шартына қатысты қалыптасқан теориялық көзқарастарды түпкілікті қайта қарауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы қолданыстағы Заңының 33-бабына сәйкес тасымалдаушы автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелеріне және Шартқа сәйкес жүктерді автомобильмен тасымалдау үшін жарамды автокөлік құралдарын жүктерді автомобильмен тасымалдауға арналған өтінімде (тапсырыста) немесе шартта

белгіленген мерзімдерде тиеу үшін беруге міндетті. Бұл норма ҚР АҚ 696-бабына негізделеді. Тасымалдау шартын консенсуалды деп танитын пікірлерге міндеттеменің пайда болуына негіз болатын күрделі заңды құрамға Тапсырыс кіреді: жүк жөнелтуші тапсырысты берген және оны тасымалдаушы қабылдаған кезде, яғни тараптар жүкті кейіннен тасымалдау мақсатында тасымалдау құралын беру және оған жүк тиеу жөніндегі еркін білдіретіндігін атап көрсетеді [4]. Мұндай пікірді сынға ала отырып, нақты келісім ретінде тасымалдау шартының құқықтық сипатын қолдайтын пікірлер жиі айтылады. Ол бойынша жүкті тасымалдауға беруге және оны тиеу үшін автомобиль көлігін беруге байланысты туындайтын қатынастар шарттық қатынастар болып табылады және жүкті автомобильмен ұзақ мерзімді тасымалдау шартымен реттеледі. Бірақ бұл келісім келісім шартына жатпайды, оның аты айтып тұрғандай, бұл тасымалдауды ұйымдастыру туралы келісім [5].

Әдебиеттер тізімі

1. Шершеневич Г.Ф. Курс торгового права: По изд. 1908 г. — (Классика российской цивилистики). — Т. 2. — М., 2003. — С. 209.
2. Гражданское право России. Обязательственное право: Курс лекций. — Ч. / Отв. ред. О.Н.Садиков. — М.: БЕК, 1997.— С. 117–118.
3. Пугинский Б.И. Коммерческое право России. — М., 2000. — С.
4. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Кн. 4: Договоры о перевозке, буксировке, транспортной экспедиции и иных услугах в сфере транспорта. — 4-е изд., стер. — М.: Статут, — С. 407.
5. Шварц Х.И. Правовое регулирование перевозок на автомобильном транспорте. — М., 1966. — С. 27–29.

УДК 355.22 (574.1)

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ НА НЕКОТОРЫХ ВИДАХ ТРАНСПОРТА

Сарсенова А. Ж.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Развитие и совершенствование гражданского и транспортного законодательства порождает множество нерешенных проблем, которые актуальны как в теоретическом, так и в практическом плане. Несовершенство и неэффективность правил перевозки грузов для практического применения приводят, соответственно, к различному пониманию в учении цивилистики правовой природы договора перевозки грузов, их предмета и сущности. Сложившуюся ситуацию можно исправить путем составления положений, соответствующих экономической природе транспортных обязательств и отвечающих требованиям общего правового регулирования процесса доставки грузов.

Ключевые слова: гражданское право, договор, транспорт, транспортное право, право на перевозку.

УДК 331.361.2:11

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ

Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал

Аннотация: Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында қолдану оқушылардың ойлау және өздік жұмыс жасау белсенділігін арттырады, сөйлеу мен шығармашылық қабілетін дамытады. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануға тиіс.

Кілт сөздер: Инновациялық оқыту технологиялары, интерактивті оқыту, ақпараттық мәдениет, интеграциялық сабақтар, интернет жүйесі, кабинет мультимедиялық, ақпараттық – коммуникация, электрондық білім беру, компьютерді жылдамдық, анықтамалық материал.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылу алға қойған мақсаттардың бірден-бірі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық – коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады. Инновациялық оқыту технологиялардың білім беру жүйесін дамыту ісіне берері мол. Оларды қолдану оқушының өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады; оқу үдерісін жүргізуді қызықты етеді; шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастырып, жаңа мүмкіндіктер туғызады [1].

Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады. Шет тілін үйренуде интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды моделдеуді, рольдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады.

Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны, яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты ерекшеленуді шектейді. Бұл моделге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді. Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру. Шет тілін үйретуде интерактивтік оқыту технологиясы:

- 1) Жұптасып жұмыс істеу.
- 2) Ротациялық (ауыспалы) үштік.
- 3) Карусель - Айналмақ.
- 4) Шағын топтармен жұмыс.

- 5) Аквариум.
- 6) Аяқталмаған сөйлем.
- 7) Миға шабуыл /Мозговой штурм/.
- 8) Броундық қозғалыс.
- 9) Есептеу ағашы. /Дерево решений/
- 10) Өз атынан сот. /Суд от своего имени/
- 11) Азаматтық тыңдау.
- 12) Ролдік /іскерлік/ ойын.
- 13) Сығымдау методы. /Метод пресс/
- 14) Өз позицияңды ұстан.
- 15) Дискуссия.
- 16) Дебаттар.

Педагогикалық технологиялар арқылы ағылшын тілі пәнін меңгертуде мынадай түйінді мәселелер өз шешімін табады:

- оқушылардың тілді тереңірек танып-білуіне, өз ойын ағылшын тілінде еркін білдіруге қажетті дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді;
- ағылшын тілінің практикалық бағытына басымдылық берілетіндіктен, оқушының білімді өмірде қолданудың маңызы жайында түсінігі дамиды;
- оқушының танымдық қабілеті мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады;
- оқушылар проблемаларды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді

АКТ-ны қолдану оқушы үшін өте қызықты, әрі нәтижелі болады. Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып, тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолданудың негізгі мақсаттары: тілді үйренуге деген мотивацияларының артуы, тілдік компетенцияны дамыту, өзге тілдегі мәтіндерді түсіне білу, сондай-ақ ақпаратты байланысқан және дәйектелген күйінде бере білу, лингвистикалық білім көлемінің артуы, тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдени құрылымы туралы білімнің толығы, ағылшын тілін өз бетімен үйренуге даярлық пен қабілеттілікті дамыту. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптердің тұтас комплексін жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашыл етеді, әрбір оқушы үшін жеке дара жұмыс қабілетін ескеруге мүмкіндік береді [2]. Жаңа технологияларды практикада қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жаңа түрін ашады, нәтижесінде жаңа білім ашылады, оқушылардың танымдық белсенділігі дамиды, білімді өз беттерінше толықтырады, ақпараттар ағымында іздеу және бағдарлауға үйренеді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны сабақтарда қолдану келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талапты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Қазіргі заманғы ұстазға қойылатын талап оқушының өз бетінше оқуына қарқынды түрде көмектесіп, оның сабаққа деген қызығушылығын ояту, сонда ғана оқушы жаңаны тануға талпынып, білімін арттыруға тырысады. Жалпы оқыту жүйелерінде педагогикалық жаңа технологиялар кеңінен орын алып келеді. Бүгінгі таңда сабақты мультимедиялық кабинетте өткізу, шет тілі сабағында компьютер жүйесін қолдану ұстаздың да, оқушының да жұмысын жеңілдетеді, оқушылардың ынтымақын арттырады. Сабақтарда деңгейлік тапсырмаларды, сызбаларды,

көрнекіліктерді қолдану оқушылардың қабылдауын жетілдіреді. Ағылшын тілі сабақтарында тест жұмыстарын өткізу, грамматикалық тапсырмаларды орындау, мәтін тындату жұмыстарын оқушылар аса қызығушылықпен орындайды [3]. Мультимедиалық кабинетте өткізілетін сабақтарда орындалатын тапсырмалар мен тест жұмыстарының нәтижесі сол сәтте тексеріліп, әр жіберілген қателерге талдаулар жасалып, уақыт үнемді пайдаланылады. Интеграциялық сабақтар өткізуде компьютер жүйесін қолдану өте тиімді. Экран бетіндегі жаңа сөздер, түрлі – түсті грамматикалық кестелер оқушылардың қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Мультимедиалық кабинетте өткізілген сабақтарды интерактивті тақтаның ерекше мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, көздеген мақсатқа жетуге болады. Мектептегі технологияларға мыналар жатады: теледидар бағдарламалары, сандық теледидар, интернет/ WWW, ұялы телефон, ұтқыр қондырғылар, компьютер/ноутбук. Сандық бейнені (видео) қолдану. Мектептегі компьютерлік сынып интернет жүйесіне қосылғандықтан сабақтарымда АКТ кеңінен қолданамын. Сонымен қатар оқушы да интернеттен материал ғана іздеп қоймайды, әлемдік байланыс торабына кіруді де үйренеді, электрондық оқулықтармен жұмыс жасайды. Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдана білу оқушылардың үйренген білімдерін өз беттерінше қолдана білуге, дүниені аз уақытта танып білуге мүмкіндік береді. Интернет ресурстарын қолдану мүмкіндіктері өте үлкен және оқушылар мен оқытушыларға қажетті кез-келген ақпараттарды, жер шарының қай жерінен болса да алуға мүмкіндік береді [4].

Ақпараттық технологияларды ағылшын тілі сабағында қолдану оқушылардың ойлау және өздік жұмыс жасау белсенділігін арттырады, сөйлеу мен шығармашылық қабілетін дамытады. Жаңа технологияларды қолданған оқытушы сабағын көрнекі және белсенді ете алады. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейткісі келетін оқытушы- пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады. Оқытушы компьютер үйренушілердің өз бетімен жұмысын ұйымдастыратын және әсіресе тілдік және сөйлеу материалымен жаттықтыру жұмысы процесінде оны басқаратын құрал болып табылады. Бұл қолданылатын жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер сипатын анықтайды. Төмендегілер көбірек жиі қолданылады:

1. Сұрақ- жауаптық диалог. Үйренушінің жұмыс мәні негіз бен сұлба ретінде сұрақта жазылған тілдік материалды пайдаланып, компьютерлік сұрақтарына тура жауаптар беруден тұрады.
2. Ішінара жауаппен диалог. Компьютерге жауап беру үшін үйренуші болжанылатын нұсқалар қатарынан біреуін таңдайды.
3. Еркін құрастырылатын жауаппен диалог. Мұндай диалогты компьютер жауаптың дұрыстығын «танып», бағалай білуі үшін оның қойған әрбір сұрағына жауаптарлы барлық мүмкін нұсқаларымен бағдарлама қамтамасыз етеді.
4. Бос орындарды толтыруға жаттығулар. Компьютер үйренушіге бос орындармен мәтінді немесе ұсыныстар жинағын ұсынады. Шет тіліне аударып, қажетті түрде қолдану қажет орыс сөздері түріндегі сыбыр сөзді пайдаланып бос орындарды толтыру қажет. Сондай-ақ компьютер ұсынғандардың ішінен таңдап, бос орындарды сөздермен немесе сөз тіркестерімен толтыруға болады.
5. Сөздікті білуін өзі бақылауға арналған жаттығулар. Мұндай жаттығулардың нұсқалары мүмкін: а) Компьютер аудару үшін сөздер тізімін ұсынады; б) Компьютер сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп (орыс және шетел), екі тілде бұл сөздердің балама жұптарын табуды ұсынады; в) Компьютер шетелдік сөздердің екі тізімінің арақатынасын белгілеп, синонимдер мен антонимдер жұбын анықтауды ұсынады; г) Компьютер шет сөздерінің тізімін және бұл сөздердің дефиниция тізімін ұсынады.
6. Компьютерлік бағдарламалар (компьютерлік оқытудың шетелдік тәжірибесінен Компьютермен тұрақты жұмыс оқытушыға лексикалық материалды, грамматикалық құбылыстарды істеп шығуға, жазуды дамытуға, тілдік сөйлеуге дайындыққа өзінің

компьютерлік жаттығуларын құруға мүмкіндік береді. Оқытушы білімдер деңгейі мен оқулықтарға бейімделген, тілдік шеберліктерді дамытуға әр түрлі жаттығулар әзірлеп шығара алады. Нақты дағдылар мен шеберліктерді қалыптастыру таңдап алынған материалдың негізінде қызмет қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Және де оқушылардың психологиялық жастық еркшеліктерін, жай механикалық есте сақтау емес, жауапты құрастыруды қажет ететін ойлау тапсырмаларына бағдарлану қабілетін ескеру қажет. Компьютерді неғұрлым күрделі жаттығулар жасау үшін оқу процесіне қосқан жөн. Бір мысал келтірейік. «Жұмыс іздеу» ойындық жаттығуы

Оқушыларға мынадай тапсырма беріледі: Сіздер жұмыссыз қалып, мамандық бойынша жұмысқа орналасқыларың келеді. Өздеріңе көңілден шығатын жұмыстың барлық мүмкін нұсқаларын іздеңіздер. Жұмыстың мүмкін нұсқалары мен қбылдау жағдайлары туралы деректер банкі сәйкес компьютерлік бағдарламада жазылған. Үйренуші пернені басумен «Жұмыс іздеу?» бағдарламасын шақыртады. Дисплейдің экранында бір уақытта жауаптар да жазылған шет тілде нөмірленген сұрақтардың бірінші сериясы пайда болады. Мұндай жауап сұрақтар бестен аз емес, оларда өңделген лексика жазылған. Міне, мысалы, адамның кәсібі туралы сұрақтар сериясы: 1. Do you want to work as a worker? 2. Do you want to work as a teacher? 3. Do you want to work as a doctor? 4. Do you want as an engineer? etc. Үйренуші сұрақты және ол үшін қажетті ақпарат жазылған жауапты таңдайды, және сұрақтың нөміріне сәйкес келетін санмен пернені басады. Одан әрі сұрақ- жауаптардың келесі сериясы пайда болады. Егер жауаптар дұрыс таңдалса, онда компьютер қорытынды жасайды (мысалы): «Сізге инженердің лауазымы ұсынылады, сіз барлық тапсырманы дұрыс орындап шықтыңыз және тілдік материалды жақсы үйрендіңіз». Ойын процесінде компьютер өз клиентінің назарын қойылатын тілдік материалдың қиындықтарына бағыттай алады. Мысалы: «Жекеше түрлі үшінші жақта етістіктерге - s жалғауы қосылатындығына көңіл бөліңіздер және т.б. Сондай – ақ компьютерді жылдамдықпен оқуға пайдалануға болады. Мұндай жаттығуларды орындау оқушыларға тапсырма беруге ғана емес, сонымен қатар әрбір орындалған жаттығуға баға беріп, олардың жұмысын қадам- қадам түзетуге мүмкіндік береді. Осылайша ең болмағанда жасалған қателерді талдауда оқушылардың әрбір жұмысын тексеру қажеттілігі болмай қалады. Бұның бәрін компьютер орындайды. Оқушылардың жұмысын ынталандыратын мүмкін түсіндірмелер аса маңызды рөлді атқарады. Оқушыларға олардың жұмысына көңіл бөлулер, олар жіберген қателерге қатысты ықыласты ескертулер, ұсынылатын бағдарлама олардың көбірек белсенді қызықты орындауына жағдай жасайтын дем беретін репликалар ұнайды. Қарым- қатынастағы игі ниеттілік оқушылардың ақпаратты жақсы қабылдауының психо- физиологиялық алдағы қатарлы заңдылықтарының бірі болып табылады. Сондықтан буферлерге жауап дұрыс, «дұрыс», «қате», «сіздің жауабыңыз түсініксіз» секілді қарапайым сөздерді енгізген емес, мүмкіндігінше оқушылардың әрекеттеріне қарым- қатынасты білдірген дұрыс. Мысалы: «Жарайсың!», «Өте жақсы», «Өкінішке орай, сіз қателестіңіз, тағы да жауап беріңіз», «Сіздің жауабыңызды үлгімен салыстырып, тапсырманы тағы бір рет мұқияттырақ орындауға тырысыңыз. Сәттілік тілейміз!». Жұмысты қорытындылаған кезде бағаны жай қою емес. сондай-ақ оған түсіндірме берген маңызды.

Компьютерге сондай-ақ оқушылардың әр түрлі контингенті үшін грамматика (ереже, қандай да бір өзге грамматикалық түрлердің қолданылу кестесі, етістіктердің жіктелуі және басқаруылуы және т.б.) және лексика (берілген сөздің негізгі сөз тіркестерін, оның синонимдері мен антонимдерін көрсетумен) бойынша анықтамалық материалды, оқу және айту ережесін, лигвоелтану және тарихи ақпаратты және т.б. енгізуге болады. Қажетті анықтамалық материалды іздеу үшін компьютерді пайдалану оқушыларды сәйкес сөздікті немесе анықтамалықты іздеуден құтқарады, бұл уақытты көп ұтуға мүмкіндік береді.

Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал осы жаңа технология таратушы, үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол- мұғалім. Жаңаша ойлай білсең ғана ұстассың. Сол себептенде жаңа технологияны енгізуші таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр. Менің ойымша, шетел тілі сабақтарында жоғарыда көрсетілген әдіс тәсілдерді , компьютерді қолдану

оқушылардың шетел тілі сабақтарында шығармашылық, актерлік, логикалық ойлау қабілеттерімен қоса белсенділігін жетілдіріп, қызығушылығын арттырады. Сондықтан сабақты бір сарынды өткізбей, түрлендіріп, тартымды өткізу, оқулықпен шектеліп қоймай, қосымша материалды да пайдалану әр ұстаздың шеберлігіне байланысты болмақ. Аталған технологиялар арқылы өтетін оқу үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін дамытып, қалыптасуларына жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н « Материалы интернета на уроке английского языка ». Иностранные языки в школе -2001.,№1,стр.96.
2. Карпова А.С «Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка». Иностранные языки в школе.-2002. №4, стр.73.
3. Нұрланбекова Е. «Шетел тілін оқытуда бейнефильмдерді қолдану», Шетел тілін оқыту методикасы, №2, 2005ж. 17-18 беттер. Петрова, Светлана Владимировна, Рудавин, Олег Николаевич. Английский язык , сборник тем.-2005, стр.18.
4. Тубышева Қ., «Модульдік оқыту технологиясын ағылшын тілі сабақтарында қолдану», Оқыту – тәрбиелеу технологиясы, №4, 2007ж..35-36 беттер.

УДК 331.361.2:11

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск

***Аннотация:** В процессе изучения языка с использованием новых технологий возможно развитие педагогических навыков письма, аудирования, понимания, речи. Использование информационных технологий на уроках английского языка повышает активность мышления и самостоятельной работы учащихся, развивает речи творческие способности. Учитель должен использовать не только традиционные учебники, но и информационно-коммуникационные технологии.*

***Ключевые слова:** инновационные технологии обучения, интерактивные обучения, информационная культура, уроки интеграции, интернет, мультимедийный класс, информация и общение, электронное обучение, скорость компьютер, справочные материалы.*

Содержание

Технические науки		
1	Ахметжан С.З., Жигеров А.А., *Купешова А.С. Модернизация системы подогрева на нпс Атырау	4
2	Беккалиев Н.М., Шакешев Б.Т., Чумаченко Н.Г. Использование вторичных ресурсов для производства строительных материалов	10
3	Беляев А.П., Садыкова Л.А. Роль микроконтроллеров в современном мире	14
4	Ибраимов А.А., Ихсанов К.А., *Шаненов Н. Н. Құйынды құбырларды қолданып, жоғары тұтқырлы мұнай қабаттарына жылулық әсер ету тиімділігі	17
5	Ихсанов К.А., Овчинников К.Н., Калешева Г.Е., Амангалиев Е. Формирования расположения и выявления месторождений тяжелых битумов в солянокупольных областях	20
6	Курамысов И., Жубаншев Б.У., Аманова Б.Н. Эффективность технического перевооружения участка цеха по обслуживанию и ремонту насосно-компрессорных труб на предприятии нефтегазовой отрасли Казахстана	24
7	Омаров А.Н¹, Бралиев М.К², Махсоткалиева Д.А². Бүріккіштің бұрку бағытының орналасуы мен форсунка бұрышының негіздемесін талдау	29
8	Тауышев О. У., Мақсотова А.Б. Разработка технологических параметров производства эффективной стеновой керамики на основе местного сырья	34
9	Тауышев О. У., Мақсотова А.Б. Мамешов Р.Т. Органическая добавка для нейтрализации химической агрессивности древесного наполнителя в глиноцементных композитах	37
10	Умерешова С.Г. Энергоэффективность жилых зданий нового поколения	41
11	Утешева Г.Ш., Гайнешова А.М., Керешов Е.А. Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері	44
Естественные науки		
1	Атаманова О.В., Толеуова Р.Н. Өндіріс орындарына су тарту жүйелеріндегі ағынды суларды тазартуға арналған көп құрамды сорбциялық сүзгі	47
2	Байтлесов Е.У. Днекешев А.К. Степень распространения и этиология субклинического мастита у коров в ТОО «Ізденіс»	50
3	Кейкиева К.К. Субъекты предпринимательства на рынке ветеринарных услуг в Казахстане	54
4	Кейкиева К.К., Тажбаева Д.Т. Жеке ветеринариялық практикада ветеринариялық қызметтер нарығын сегменттеу	57
5	Лиманская В.Б., Ихсанова С.А., Бегайдарова К.Д., *Яшков И.А. Мелиоративное состояние орошаемых земель Западно-Казахстанской области	60
Педагогические науки		
1	Джонисова Г.К., Эрдынеева К.Г. Психолого-педагогические аспекты формирования профессиональной компетентности будущего специалиста в колледже	63
2	Иргалиев А.С., Хайруллина Я.С. Мұғалімнің кәсіби имиджін қалыптастырудың мәселесін зерттеудің әдіснамалық-психологиялық негіздері	69
3	Иргалиев А.С., Хайруллина Я.С. Мұғалімнің кәсіби имиджі психологиялық зерттеу объектісі ретінде	73
4	Сабыр М.Б., Мушаев В.Н. Проблема изучения взаимосвязи средневековых письменных памятников (тюрко-монгольский регион)	78

5	Султанғалиева А.А. Обучение профессионально ориентированному иностранному языку в неязыковом вузе	81
6	Шалаев Б.Б. Физкультура и спорт как средство восстановления после больших нагрузок	86
7	Шканова Б.Ә. Абай шығармаларындағы уақыт философиясы	91
Экономические науки		
1	Жумаев Ж.Ж., Курмантаева Б.К. Аумақтың экономиканың стратегиялық дамуы: қазіргі жағдай және алдағы бағыттар	96
2	Салимбаева Ш.Д., Валиева Е.Н. Роль вузов в развитии молодежного предпринимательства	103
3	Суханбердина Б. Б., Курманова Г.К., Салимбаева Ш.Д., Грабоздин Ю.П. К вопросу о проблемах развития малого бизнеса	107
4	Тимирғалиев И.Н., Суханова И.Ф. Трансформация цифровой экономики в контексте развития евразийской интеграции	111
5	Тулеугалиева Ж. К. Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті дамыту	116
	Уалиева Б.Б. Совершенствование экономических взаимоотношений при производстве и переработке сельскохозяйственной продукции	120
6	Федорченко Л.В. Современные проблемы развития сельского хозяйства казахстана	124
Гуманитарные науки		
1	Балыкова А.М., *Кашапова А.Н. Ұлы отан соғысы жылдарындағы күштеп қоныстандыру тарихынан	130
2	Bukessova R.M., Amanbayeva Z.Zh. Multilingual education- the main vector for successful development of science and new technologies	135
3	Волошинов А.В., Курманова Ж.Б. Национальный язык и его значение в социокультурной среде казахского этноса	138
3	Кульматов С.Я. Развитие местного самоуправления в рк: изменения в законодательстве	143
4	Раманова А., Конырбай А. Қазақ тіліндегі қарғыс сөздердің мағыналық сипаты	146
5	Сарсенова А.Ж. Кейбір көлік түрлерінде жүкті тасымалдауды құқықтық реттеу мәселелері	148
6	Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н. Интербелсенді әдіс-тәсілдер қолдану арқылы ағылшын тілін оқыту	154

Правила для авторов по оформлению статьи для публикации в научном журнале «Вестник ЗКИТУ»

Научный журнал «Вестник ЗКИТУ» является периодическим изданием Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета. Журнал выходит ежеквартально, статьи публикуются на казахском, русском и английском языках. Основная тематическая направленность журнала – публикация научных, научно-методических и производственных статей. В журнале публикуются результаты научных исследований по основным приоритетным направлениям науки.

Журнал зарегистрирован в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан – № 16782-Ж. от 07. 12. 2017 г. (г.Астана), Комитетом государственного контроля в области связи, информатизации и средств массовой информации.

Статья должна содержать оригинальный материал, отражающий результаты исследований автора (ов).

При подготовке статей в журнал необходимо руководствоваться следующими правилами:

1. Статья должна быть оформлена в строгом соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов». **Объем – не более 5 полных страниц формата А4, шрифт – размер 12 кегль, обычный, Times New Roman, межстрочный интервал – 1,0. Поля страницы: сверху и внизу по 2 см, справа 2,5, слева 2,5 см.** Слева – УДК; по центру название статьи ЗАГЛАВНЫМИ буквами жирным шрифтом; ниже через пробел фамилия, и.о. автора (ов), строчными буквами; ниже через пробел полное название учреждения, в котором выполнена работа, город; аннотация – на языке текста публикуемого материала; ключевые слова. Ниже через пробел – текст статьи. Список литературы приводится в конце текста, по мере упоминания в тексте и оформляется в соответствии с требованиями ГОСТ.. В конце статьи должно быть резюме и ключевые слова (к статье на казахском языке – на русском, к статье на русском языке - на казахском). **Последняя страница должна быть заполнена полностью.**

2. Статья, в обязательном порядке, подписывается всеми авторами (не более четырех авторов). В одном номере журнала допускается публикация не более 2 статей одного автора.

3. На отдельном листе следует привести сведения об авторах (организация, должность, адрес, контактный телефон).

Статьи, отправленные позже указанного срока и несоответствующие требованиям, не принимаются. Редакционная коллегия журнала оставляет за собой право выбора и опубликования научной статьи.

Рукописи и электронные варианты следует направлять по адресу:

090009, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 208.

Научный журнал Вестник ЗКИТУ

Телефон 50-99-90. E-mail: 4janek_ajar.com@mail.ru

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**
Ғылыми журнал



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**
Научный журнал



**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**
Scientific journal

*Отпечатано в полном соответствии с качеством предоставленных
авторами оригиналов*

Подписано к печати 29.10.2021 г.

Формат А4 Объем 285 п.л.

Усл. п.л. _____ Уч. – изд.л. _____

Тираж 100 экз., Заказ № _____

Отпечатано и сверстано на Инженерно-гуманитарном факультете ЗКИТУ
Тел.: +7 7112 50 09 43, e-mail: wketu@mail.ru

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
090006, Орал қаласы, Нурсултана Назарбаева көш. 208

Западно-Казакхстанский инновационно-технологический университет,
090006, г.Уральск, ул. Нурсултана Назарбаева, 208